Бекітемін:
«Керемет»бастауыш мектеп-
балабақша кешенінің меңгерушісі:
Суйкимбаева.А.А

# «Күншуақ» ересек тобының 2022-2023 оқу жылына арналған циклограммасы

Тәрбиеші:Абжаппарова Ж.С.

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | "Керемет" бастауыш мектеп-балабақша кешені | | | | |
| **Топ/сынып** | **Ересек топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | **№ 4 Күншуақ тобы** | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4-5 жасар балалар** | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **29, 31.08, 01,02.09.2022 ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** 8.00-9.00 | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** 8.30-9.00 | Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "Балалардың ең сүйікті ойыншығы мен заты туралы", "Баланың қандай тағамға аллергиясы бар болғаны жөнінде". | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | "Оқу қызметіне керек материалдар мен құрал-жабдықтарды дайындаймыз". Мақсаты: тапсырылған іске деген жауапкершілік сезімдерін дамыту, балаларды оқу қызметіне керек материалдар мен құрал-жабдықтарды тиянақты жинай білуді | | "Орындықтарды жуу". Мақсаты: балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топ бөлмелеріндегі орындықтарды таза ұстауға, дымқыл шүберекпен сүртуді, орындарына қоюды дағдыландыру; жұмыс жасау барысында мәдени-гигиеналық талаптарды | Балабақшадағы еңбек жұмыстарына қатысу, ұжымдық еңбекке үйрету. Ертегі, әңгімелердің кейіпкерлерлерінің сөздері арқылы «Еңбек түбі – зейнет» ұғымын түсіндіру. Үлкендер еңбегін құрметтеуге баулу. Мысалы: «Бір уыс мақта», «Бұзау бақтым», «Қайдан келдің | Балабақшадағы арнайы жабдықтарды дұрыс пайдалану, қадірлеу, қайта орнына қою, бір-біріне көмек көрсетуге тәрбиелеу. Үлкендердің еңбегінің және еңбектің қажеттілігі жөнінде түсінік беріп отырамыз. Сонымен қатар балаларды алдына мақсат қоя білуге, оған жетуге үйрету жұмыс |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағдыландыру. | | орындау біліктіліктерін жетілдіру; ересектердің еңбегіне құрметпен карауға тәрбиелеу. | бауырсақ?» деген әңгіме, ертегілер арқылы балаларға барлық заттардың еңбекпен келетіндігін түсіндіру.<br>*"Жабық өсімдіктерді бүріккіш пистолеттен сумен бүрку".*<br>Мақсаты: жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балаларға жапырақтарға ылғал қажет деген түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауды тәрбиелеу. Балаларды суару қажеттілігін өз бетінше анықтауға үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. | істеу мәдениетін қалыптастыру.<br>Мақсаты: балаларды жабық өсімдіктердің жағдайына қарай, оларға күтім жасау үшін қандай әрекеттер қажет екенін анықтауға үйрету (суару, тазарту, қопсыту, үстіңгі киім), тиісті еңбек операцияларын дұрыс орындау, балаларға әрқайсысының мақсаты туралы айтуды ұсыну. |
| | **"Қара да, қайтала" ойын жаттығуы.**<br>Мақсаты: көру арқылы қабылдауын, қиялдарын дамыту, кеңістіктегі, жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту.<br>Құралдары: геометриялық пішіндер жинақнамалары, шаршы пішінді парақтар.<br>**"Домино" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, | | **"Лото" үстел үсті ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың зейіндерін дамыту. Заттарды топтастыруды үйрету. Байқағыштыққа үйрету.<br>Әр бала отбасы мүшелерінің киімдерінің фотосуреттерін жинайды, бір атаумен біріктіреді.<br>**"Жапырақ" артикуляциялық жаттығуы.**<br>Мақсаты: балаларды мәтін сөздерінің ырғағына, мәніне сай қимылдауға дағдыландыру; | **Дидактикалық ойын «Зат неге ұқсайды?»**<br>Мақсаты: балаларды бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуге үйрету.<br><br>**Құрастырудан ойын-жаттығу.**<br>"Балабақша біздің үйіміз".<br>Мақсаты: балаларды құрамында: текше, білеу, үшбұрыш, цилиндр, тақтайша бар құрылыс материалдар жинағынан екі | **Саусақ ойыны «Бақшадағы қызанақ пен қияр».**<br>Мақсаты: бақша туралы түсінік бере отырып қызанақ пен қияр көкөніс екенін ажырата білуге үйрету.<br><br>**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.**<br>"Біздің балабақша" тақырыбына суреттер сериясы бойынша әңгімелеу".<br>Мақсаты: балаларға, балабақшадағы күн |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс ататтқызып, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, ұсақ кол моторикасын желітдіру.<br>Ойын шарты.<br>Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, кім бұрын барлық карточкаларын қояды, сол жеңіп шығады.<br>Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. | | артикуляцияны жетілдіру.<br>Тақ-тақ-тақ (қолдарын оңға-солға сермейді),<br>Біз айтамыз тақпақ (қол білезіктерін айналдырады).<br>Рақ-рақ-рақ (орындарында тұрып айналады).<br>Күзде түсер жапырақ (саусақ бастарын қимылдатады),<br>Қол-қол-қол (қолдарын жан-жаққа жібереді).<br>Күзде егін мол (қолдарымен үлкен шеңбер жасайды).<br>Тоқ-тоқ-тоқ (саусақ бастарын бүгеді),<br>Шыбын-шіркей жоқ (қолдарын жандарына жібереді).<br>Г. Кожагулова. | қабатты балабақшаны құрастыруға үйрету. | тәртібіндегі топтастармен біріккен әрекеттерін "балабақша" жалпылауыш сөзіне, ұғымына байланысты екенін түсіндіру; бірнеше суретті қабылдап, "Біздің балабақша" ортақ тақырыбына әңгімелеу амалын көрсету.<br>Пантомима жаттығуы.<br>"Ретімен қайтала". |
| **Таңертенгі жаттығу** | Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау.<br>1-таяқшаны алға созу;<br>2-оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру;<br>3-таяқшаны алдыға созып ұстау;<br>4-сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру;<br>5-таяқшаны алдыға созып ұстау;<br>6-бастапқы қалыпқа келу.<br>Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұста ұстау.<br>1-2-алға иілу, еденге қолды тигізу;<br>3-4- бастапқы қалыпқа оралу.<br>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады.<br>1-оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау;<br>2-сол аяқты оның қасына алып келу;<br>3-оң аяқпен таяқшаны аттап, артқа бір адым жасау;<br>4-сол аяқпен артқа бір адым жасау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру.<br>1- таяқшаны жоғары көтеру;<br>2-оңға иілу;<br>3-түзу тұрып, таяқшаны жоғары көтеру;<br>4-бастапқы қалып. Дәл солай сол жақпен орындалады. | | | | |
| **Таңғы ас<br>9.00-9.20** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды жуу.<br>Дос бол сабын, сумен сен,<br>Жиі-жиі жуын сен:<br>Таңертең де кеш те де,<br>Жуын тамақ алдында,<br>Жуын тамақ соңында,<br>Жуын ұйықтар мезгілде,<br>Су мен сабын - бір жолдас,<br>Жоймас олар кір қоймас! | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық<br>9.20-9.30** | **Драматизациялауға арналған сөздік жаттығу: "Жаз қонаққа келді".**<br>Мақсаты: балаларды, мәнерлеп оқу, пантомима ережелеріне сүйеніп, жаз туралы өлеңді айтуға ынталандыру; жаз мезгіліне қызығушылықтарын арттыру.<br>Құралдары: өлең мазмұнындағы нысандар бейнеленген суретті-бетперделер.<br>Жаз келіпті жадырап, (Екі қолымен өзін нұсқау)<br>Қандай әсем, қараса. (Қолды екі жаққа жаю)<br>Мұнда әсем түймедақ, ( "Түймедақ" - балалар ортаға шығып,қол бұлғайды) | | **"Сипатталған ғимаратты тауып ал" зейінге жаттығу.**<br>Мақсаты: балалардың зейінін, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Құралдары: түрлі түсті және биіктігі түрлі үйлердің суреттері. Педагог суреттерді тізіп, біріне ауызша сипаттама береді, балалар сипатталған үйді табуға тырысады. Дұрыс тапқан бала, сол суретке тағы бір рет сипаттама береді. | Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Күлімдеп күн шықты,<br>Жадырап нұр төкті.<br>Қайырлы күн, достарым!<br>Балабақшадағы оқу қызметтері жайлы әңгімелесу. | «Ақ тілек».<br>Адал жақсы ниетпен,<br>Бар адамға бақ тілеп,<br>Жарып шыққан жүректен,<br>Сөздің бәрі - Ақ тілек.<br>Барлығы шеңбер құрып, қайталады.<br>Балабақшаның ережелері жайлы әңгімелесу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жайқалып тұр, тамаша,<br>Көбелек пен аралар<br>("Аралар" мен "көбелектер" жәндіктерді келтіреді)<br>Гүлге қонды, жарыса!<br>Шөп арасын қарасаң,<br>Бүлдірген бар қызарған.("Бүлдіргендер" жүгіріп шығып,беттерін ұстап, бастарын шайқайды )<br>Жасырынып жатқаны,<br>Көзге түспей, тәп-тәтті!<br>Еңкейіп кеп, ерінбей,<br>(Қалған балалар ортаға шығып, сұқ саусақтарын қозғалтады)<br>Теріп салам себетке.<br>Кіп-кішкене, моншақтай,<br>Әсер етер тәбетке.<br>Аударған А. Көкенова. | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет**<br>**9.30-11.00** | ***Жазғы ойын-сауықтар*** | | ***Жазғы ойын-сауықтар*** | **Дене шынықтыру**<br>"Қатар түзеп сапқа тұру"<br>Мақсаты: балаларды қатар түзеп сапқа бір-бірден және бірінің артынан бірі тұрып жүру, жүгіру жаттығуларын жасауға үйрету.<br>"Кенгуру" қимылды ойыны. | **Дене шынықтыру**<br>"Ұйымшыл балалар".<br>Мақсаты: балаларды сапта бір-бірлеп жүру; заттар арасымен доптарды домалатуға үйрету.<br>"Заттар арасымен" қимылды ойыны. |
| **Серуенге дайындық**<br>11.00-11,15 | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен**<br>**11.15-12.00** | **Мысықты бақылау.**<br>Мақсаты: мысықтың сыртқы келбетін бақылауға дағдыландыру; мысықтың тіршілігін тануға деген ынтасын дамыту. | | **Ауа-райын бақылау.**<br>Мақсаты.<br>Өсімдіктер тіршілігіне мезгілдік өзгерістердің әсері жайлы білімдерін бекіту.<br>Ересектермен бірге | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімім мен бәтеңкесін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Көркем сөзді мәнерлеп айту, жаттау жаттығуы.<br>Мақсаты: көркем сөзді мәнерлеп айтуға машықтандыру, артикуляцияны, есте сақтау қабілетін дамыту; мысыққа деген қызығушылықты арттыру.<br>"Мысығым".<br>Тікірейіп құлағы,<br>Менен бұрын тұрады,<br>Бойын жазып, керіліп,<br>Беті-қолын жуады.<br>Қасымнан қалмайды,<br>Көзін қысып алдайды.<br>Ойнатсам да күнімен,<br>Ойыны бір қанбайды.<br>Н. Арынова.ысықты<br>Еңбек әрекеті: бақшадағы піскен көкөністерді жинау.<br>Мақсаты: көкөністерді қазып алуды үйрету; топпен бірге жұмыс жасау ұмтылысын тәрбиелеу.<br>"Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. | | орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: көкөністер жинаудағы ұжымдық еңбек.<br>Мақсаты: ұжымдық жұмысқа үйрету.<br>"Аңшылар мен қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны.<br>Мақсаты: балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдардың үйлестере білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Балалар тобынан арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар - "қояндарды" сомдайды.<br>Педагог ойынды бастайды:<br>- Аңшылар жүр орманда,<br>"Не бар?" - деп шалғында.<br>"Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, аланды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да аланды бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, аланда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді.<br>Педагог: | реттілікпен киюін қадағалау.<br>*Желдің соғуын бақылау*<br>Жұмбақ<br>Қанаты жоқ – ұшады,<br>Аяғы жоқ – қашады.<br>(Жел)<br>Бақылау: балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; желдің соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желден ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады; тым нашар, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру.<br>Тәжірибе. Желге қарсы жүгіру.<br>Қорытынды. Желге қарсы жүгіру қиын.<br>Қимылды ойын: «Желбезекпен жүгіру».<br>Желбезекті қолға алып жарысу, кім бірінші мәреге жетеді, сол жеңімпаз болады.<br>Еңбек: тәрбиешіге көмек. Үлкендерге қызмет көрсету.<br>Ауланы тазартуға қатыстыру, жапырақтарды жинау.<br>Өз бетімен ойындар ойнау: «Желбезекпен ойын».<br>Ыңғайлы жағдайларды | реттілікпен киюін қадағалау.<br>*Күздің ерте, кеш келуін бақылау*<br>Тақпақтар<br>«Күз» Н. Әлімқұлов<br>Берекесін сыйлауға<br>Өлкемізге күз келді.<br>Жемістерін жинауға<br>Шақырады біздерді.<br><br>«Күз» Қ.Ыдырысов<br>Күзім-ау, күзім-ау,<br>Мінезін бұзық-ау,<br>Жаңбырын сіркіреп,<br>Келгенің қызық-ау.<br>Бақылау: Табиғаттағы өзгерістерді бақылауға үйрету: жапырақтардың түсінің өзгерістері, құстардың жылы жаққа ұшуы, жаңбырлы болуы, күзгі өзгерістерді ажырата білуі.<br>Қимылды ойын: «Егінді тасымалдау»<br>Дабыл бойынша арбамен «егін» тасу, бір шеттен, екінші шетке тасу.<br>Шыдамдылық пен шапшаңдыққа баулу.<br>Еңбек: Гүлзарда жұмыс. Гүлдерді гүл ыдысына отырғызу. Жұмыстың ыңғайын білу. Гүлге деген сүйіспеншілікті арттыру.<br>Өз бетімен ойындар: «Құмда сурет салу» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | "Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға болады. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртынды бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасай жүріп сөздерді айтады:<br>- Мысығымыз момықай,<br>Жүреді аулада андамай.<br>Тышқан көрсе - бас салады!<br>Кім тышқанды құтқарады?<br>Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қажеті болса, қолдарды жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды. Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарды көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуалыспағын реттеп жату - басты міндеті. "Тышқан" ұсталынса, кейіпкерді ауыстыруға болады.<br>"Допты түсіріп алма" ойын-жаттығуы. | | - Қояндар шықты шалғынға,<br>Секіреді қуана.<br>Бір-біріне сәлем береді,<br>Тәтті шөппен коректенеді.<br>"Қояндар, қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырыннан ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, жылдам өз орындарына доптан қашуға тырысады.<br>Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады.<br>Педагог ойын барысындағы қауіпсіздікті қадағалайды.<br>Белгі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету; қимыл координациясын пысықтау, лақтыруға күш бағыттауға машықтандыру.<br>"Төмпешіктен төмпешікке секір" қимылды ойын-жаттығуы.<br>Мақсаты: белгі орындарға аттап секіре білу қабілетін дамыту; дене тепе-теңдігін, күш-жігерін жетілдіру.<br>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен аландағы ойындар.<br>Мақсаты: қызығушылығы | жасау, алаң ішінде іс-кимылдарды дамыту.<br>Көтеріңкі көңіл-күйде болу. | Балаларды құмда сурет салуға үйрету. Атқарған жұмыстарын атап, мадақтап өту. Бірлікке, татулыққа тәрбиелеу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Мақсаты: допты қағып алу біліктілігін жетілдіру; сөздік қорды байыту; заттардың топтастыра білу қабілетін, ой шапшаңдығын дамыту.<br>Балалар шеңберде тұрады, кімнің қолына доп түссе, оны түсіріп алмай, келісілген топтамаға жататын заттың бірін атау керек.<br>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар: жүгіру техникасын жетілдіру.<br>Мақсаты: қимыл-қозғалыс координациясын дамыту. | | бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін дамыту.<br>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар.<br>Мақсаты: қызығушылы бойынша ойын таңдау мүмкіншілігімен қамтамасыз ету мен құралдарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру. | | |
| **Серуеннен оралу**<br>12.00-12.10 | Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |
| **Түскі ас**<br>12.10-12.50 | Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулу.<br>- Аспазымыз не дайындапты? | | | | |
| **Күндізгі ұйқы**<br>12.50-15.00 | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары**<br>15.00-15.15 | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары. | | | | |
| **Бесін ас**<br>15.30-16.00 | Алдына қойған асқа назар аудару; тамақтану мәдениетіне баулу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | **"Тергеушілер" дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: балалардың ой-өрісін, қиялдарын дамыту.<br>Келісім.<br>Педагог балаларға кезек- | | **"Не істейтінімізді айтпаймыз, не істейтінімізді көрсетеміз" дамытушылық ойын.**<br>Мақсаты: балалардың ой-өрістерін, қиялдарын, | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу.**<br>"Тәрбиеші".<br>Мақсаты: балаларды "Тәрбиеші" өлеңімен таныстыра отырып, өлеңді | **Мүсіндеуден ойын-жаттығу.**<br>"Асқар ата келді".<br>Мақсаты: балаларды сәндік қолданбалы өнермен таныстыруды жалғастыру, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 16.00-16.20 | кезек әртүрлі заттар көрсетеді. Балалар қай зат кімге, не үшін керек екенін түсіндіреді.<br>Ойынның тағы бір нұсқасы: баланың өзі қораптан бір затты алып, сипаттайды.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Отбасы".**<br>Мақсаты: балалардың отбасы мүшелері туралы түсініктерін бекіту; отбасы мүшелерінің жанұядағы рөлін пысықтау; үлкенге деген құрмет сезімдерін, жақынына деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыстар, алжапқыш, кітап, газет, сыпырғыш, шелек пен орамал, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника т. б<br>Барысы.<br>Балалар өзара отбасы мүшелерінің рөлдерін бөлісіп алады да, өздеріне қажет киімдер мен құралдарды алып, өз орындарына барады.<br>Педагог алдын-ала балалармен қойылымда қандай оқиға көрсетілуі керек екенін бірге анықтайды. | | логикалық ойлауларын, тапқырлық қабілеттерін дамыту.<br>Барысы.<br>Жүргізуші.<br>1 Нұсқа. Педагог жұмбақты ым-ишарамен көрсетеді, балалар затты, жан-жануарды, құбылысты көрсетеді.<br>2 Нұсқа. Белсенді балалар ортаға шығып, қимылдарды кезектесіп көрсетеді.<br>3 Нұсқа. Шеңберде отырған (тұрған) әр бала, қимылды кезек-кезек көрсетеді.<br>Балалар ойланып, жұмбақты шешуді тырысады.<br>**Сюжетті-рөлдік ойын. "Дәріхана".**<br>Мақсаты: балалардың дәріхана жұмысшыларының мамандығы (фармацевт, провизор) жайлы түсініктерін бекіту; әдептілікке, жауапкершілікке тәрбиелеу.<br>Керекті құрал-жабдықтар.<br>Ойыншық пішінді дәрілер, сөмкелер, ақ халаттар, төлемақыны қамтамасыз ететін карточкалар мен жетондар.<br>Барысы.<br>Педагог алдын-ала балалармен дәріханада жұмыс істейтін мамандар | мұқият тыңдап, жаттап алуға үйрету.<br>Дидактикалық ойын: "Өз тәрбиешіңді тап".<br><br>**Музыкадан ойын-жаттығу.**<br>"Көңілді балалар".<br>Мақсаты: балаларды балабақша туралы әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету.<br>Дидактикалық ойын: "Сиқырлы ноталар".<br><br>**Математика негіздерінен ойын-жаттығу.**<br>"Ойыншықтармен танысайық та, санайық".<br>Мақсаты: балаларға әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттар жиынын үйрету.<br>Дамытушы жаттығу "Саны сонша допты көрсет." | түрлі әдістерді қолданып, ыдыс-аяқ жасауды және бұйымның сыртын дымқыл шүберекпен өңдей отырып, пішіннің бетін тегістеуді үйрету.<br><br>**Сурет салудан ойын-жаттығу.**<br>"Балабақша".<br>Мақсаты: балаларды екі параллельді сызықтың ұштарын көлденең қосып, төртбұрышты пішінді, үшбұрышты шатырды салып, балабақшаның қарапайым ғимарат бейнесіне біріктіруге үйрету.<br>Зейінге жаттығу.<br>"Сипатталған ғимаратты тауып ал".<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу.**<br>"Күз келді бақшама".<br>Мақсаты: балабақша маңайында ауа-райын бақылауда күзгі құбылыстарды байқап, ажырата білуге үйрету.<br>Дидактикалық ойын: "Күз құбылыстарын ата". |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Педагог диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. | | туралы әңгімелеседі. Балалар фармацевт, провизор секілді мамандардың міндеттерін, дәріханада медициналық көмек көрсетуге арналған қандай дәрілер мен құралдар сатылатынын анықтайды. Балалар дәріхана мамандарының (дәріханашы, провизор) рөлін өзара бөлісіп алады; қалғандары тұтынушы болады; өздеріне керек құралдарды алып, орындарына барады. Педагог балаларға дәріханаға бірінші тұтынушы келіп, ойынды бастайтынын айтады. Басында педагог диалогтарды түзетіп,күрделі сұрақтар қоюға жаттықтырады. | | |
| **Балалармен жеке жұмыс** 16.20-17.00 | **"Ал одан кейін не?" дидактикалық ойыны.** Мақсаты: тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту, логикалық ойлауларын дамыту. | | **"Жоғалған зат" үстел үсті ойыны.** Мақсаты: қабылдау, зейін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Педагог үстел үстіне бірнеше заттар қояды. Балалар мұқият қарап алғаннан кейін, артқа бұрылады. Үстел үстінен бір затты алып тастайды. Бала жоғалған затты табу керек. Жоғалатын заттар санын | **«Ғажайып дорба» дидактикалық ойыны.** Мақсаты: сөздік қорларын ойыншық атауларымен толықтыру. | **Жыл мезгілі жайлы мнемокестемен жұмыс істеу немесе әңгімелесу.** Мақсаты: мнемокестеге қарап жыл ерекшеліктерін айтып, толық сөйлем құруға үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | біртіндеп көбейтуге болады. | | |
| **Серуенге дайындық**<br>17.00-17.10 | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге арналған ойын құралдарын таңдау; балаларды өздері киген үстіндегі киімін қарап, шкафтағы қалдыратын заттардың орнын тексеріп, реттілікті орнатуға шақыру. | | | | |
| **Серуен**<br>17.10-17.30 | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар.<br>Еркін ойындар.<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар.<br>Кітаптарды санау, өлшеу, салыстыру. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы**<br>(ата-аналарға кеңес)<br>17.30-18.30 | Әңгімелесу. «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». Кеңес беру: «Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы». | | | | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | «Керемет» бастауыш мектеп балабақша кешені | | | | |
| **Топ/сынып** | **Ересек топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | **№ 4 Күншуақ тобы** | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4-5 жасар балалар** | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **05.09-09.09.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** 8.00-8.30 | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** 8.30-9.00 | «Балалардың демалыс күндерін қалай, қайда өткізгендері жайлы» әңгімелесу. Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасы туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Бөлме өсімдіктеріне күтім жасау".** Мақсаты: өсімдіктерді таза ұстау әдістері туралы бұрын алған білімдерін нақтылау, балаларға сыртқы түріне, құрылымына назар аудара отырып, өсімдіктен шаңды кетіру әдісін таңдауға үйрету. | **"Бөлме өсімдіктеріндегі топырақты қопсыту".** Мақсаты: балаларды жабық өсімдіктерге күтім жасауға үйрету; балаларға өсімдіктердің топырағын не үшін қопсыту керектігі туралы білім беру; қопсыту әдістері мен оған қажетті заттарды пайдалану ережелерін бекіту. Еңбек дағдыларын, ұқыптылықты дамыту. Экологиялық | **"Өсімдіктерді тамақтандыру".** Мақсаты: балаларға өсімдіктердің қорек көзі топырақ екендігі туралы, біртіндеп өсімдіктерге қоректік заттар бере отырып, топырақ таусылатындығы туралы балалардың біліміне сүйене отырып, өсімдіктерді тамақтандыру қажеттілігі туралы айту. Өсімдіктерді | **"Асхана бойынша кезекшілік".** Мақсаты: балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуыңыз, кезекшінің киімін киіңіз, үстелді дұрыс қойыңыз. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалаңыз. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтауда тәртіпсіздікті көре білу. Адал ниетпен | **"Оқу қызметіне дайындық".** Мақсаты: кезекшінің міндеттерін өз бетінше және адал орындау: сабақ үшін тәрбиеші дайындаған материалдар мен оқу құралдарын үстелдерге қою; қажет болса, оларды сабақтан кейін орнына жинау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | мәдениетті, қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды тәрбиелеу. | қалай тамақтандыру керектігін көрсетіңіз. | еңбектену керектігін түсіндіру. | |
| | **Үстел үсті ойыны: «Ойық ішіндегі заттарды орналастыру».**<br>Мақсаты: балалардың танымын, зейінін, қабілетін дамыту.<br><br>**Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.**<br>"Ата-әжемнің әндері. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [а], [ә] дыбыстары.<br>Мақсаты: балаларды ауылдағы еңбек туралы тақпақпен таныстыру; дауысты дыбыстардың сөздердің құрамында жіңішке және жуан болу қасиеттерін түсіндіру, [А], [Ә] дауысты дыбыстар жөнінде ұғымдар қалыптастыру.<br>Артикуляциялық жаттығулар. [А], [Ә] дауысты дыбыстары. | **Ойын: «Көліктер».**<br>Мақсаты: көлік түрлерін ажырата білуге үйрету.<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу.**<br>"Тазы".<br>Мақсаты: үй жануарларының өмір сүру ерекшеліктеріне сай бір-бірінен ажырата білуге үйрету.<br>Дидактикалық ойын: "Иттің тамағын тап". | **Құрылыс ойындары «Үй құрастырамыз».**<br>Мақсаты: балалардың қиялын, зейінін, отбасына сүйіспеншілігін арттырып дамытады.<br>Ойын атрибуттары: "Лего" немесе ағаш құрылыс ойыншықтары. Педагог өз үйлерін құрастыруға ұсынады. | **«Жұбын тап».**<br>Мақсаты: Балалардың ақыл-ойын, тілін дамыту, зейінді болуға тәрбиелеу.<br>Ойын атрибуттары: жеміс-көкеніске байланысты текшелер.<br>Ойынның барысы: ойынға 3-4 бала қатысуға болады. Балалар суреті бар текшелерді (доминоны) бөліп алады да, ойын бастайды. Аталған бала бірінші болып текшені қояды, қалған балалар қойылған суретке байланысты өздерінде бар текшелерді ретімен қояды. Кімнің қолындағы текше бұрын бітсе, сол жеңеді. | **Үстел үсті ойыны – пазл: «Қайсысы отбасы мүшесі?»** Балалармен отбасы туралы әңгімелесу. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау.<br>1-таяқшаны алға созу;<br>2-оң қолды төмен түсіріп, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстап, жоғары көтеру;<br>3-таяқшаны алдыға созып ұстау;<br>4-сол қолды төмен түсіріп, таяқшаны оң қолға ауыстырып, таяқшаны жоғары көтеру;<br>5-таяқшаны алдыға созып ұстау;<br>6-бастапқы қалыпқа келу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгіп, таяқшаны кеуде тұста ұстау.<br>1-2-алға иілу, еденге қолды тигізу;<br>3-4- бастапқы қалыпқа оралу.<br>Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады.<br>1-оң аяқпен таяқшаны аттап, алға бір адым жасау;<br>2-сол аяқты оның қасына алып келу;<br>3-оң аяқпен таяқшаны аттап, артқа бір адым жасау;<br>4-сол аяқпен артқа бір адым жасау.<br>Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстап, жауырынға қойып тұру.<br>1- таяқшаны жоғары көтеру;<br>2-оңға иілу;<br>3-түзу тұрып, таяқшаны жоғары көтеру;<br>4-бастапқы қалып. Дәл солай сол жақпен орындалады. | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**9.00-9.20** | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Ас ішкенде сөйлемеу. Астан соң беті-қолды жуу.<br>Біз ақылды баламыз,<br>Айтқан тілді аламыз.<br>Тамақ ішер алдында<br>Тып-тыныш боп отырамыз! | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық**<br>**9.20-9.30** | Аспанда күн ыстық.<br>Ал жерде кім ыстық?<br>Әке мен шешеміз<br>Бәрінен тым ыстық!<br>Жасасын туыстық,<br>Достық пен тыныштық.<br>Күз мезгілі және ерекшеліктері жайлы әңгімелесу. | Атамнан басталар,<br>Әжеммен қосталар.<br>Отбасым мыналар:<br>Ең жақын адамдар.<br>Әкем мен анам бар,<br>Бір туған ағам бар,<br>Бір туған апам бар ...<br>Бәрін жақсы көремін.<br>Еркелеймін, еремін!<br>Отбасы мүшелері жайлы, отбасымен өткізген демалыс туралы әңгімелесу. | Сәлем! Сәлем! Сәлем!<br>Қалың қалай?<br>Сәлем! Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жарқырайды күніміз,<br>Жарқырайды даламыз,<br>Біз бақытты баламыз.<br>(Барлығы жарты шеңбер жасап отырады, қайталайды).<br>Әкесі мен анасы қандай қызметте, олар немен айналысатындары жайлы, қалай еркелететіндері жайлы, не үйрететіндері жайлы әңгімелесу. | «Амансың, алтын күн!»<br>Амансың ба, Алтын күн!<br>Амансың ба, Жер - Ана!<br>Амансың ба, достарым!<br>Сендерді көрсем қуанам!<br>Дөңгелене кілемге жайғасады, бәрі бірге қайталайды.<br>Аталары мен әжелері немен айналысатынын, олар қалай еркелететіні жайлы әңгімелесу. | «Қайырлы таң!»<br>Қайырлы таң, құсқа да , аңға да,<br>Қайырлы таң, жайдары жанға да.<br>Қайырлы таң алға ассын,<br>Кешке дейін жалғассын!<br>Бауыры мен апайы, іні мен қарындастары бір-біріне қалай қолғанат болатындары жайлы әңгімелесу. |
| **Білім беру ұйымының** | **Дене шынықтыру** | **Музыка** | **Дене шынықтыру** | **Музыка** | **Дене шынықтыру** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 9.30-11.00** | "Достар жұптары". Мақсаты: балаларды допты жоғары лақтыруға үйрету. "Баскетбол" қимылды ойыны. | "Балабақша әніміз". Мақсаты: балаларды балабақша туралы әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету. | "Бір-бірден катарға тұру". Мақсаты: балаларды бір-бірден қатарға тұруға үйрету. "Күнді ұтып алайық" қимылды ойыны. | "Біздің балабақшада ойыншықтар көп" Мақсаты. Балалардың музыкаға қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен ырғақты қимылдарды бір мезгілде бастап, бір мезгілде аяқтау дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру; қызықты ойындарға толы балабақша мен ойыншықтар жөнінде ұғымдарын кеңейту. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамын, оқу қызметіне қызығушылықтары мен белсенділіктерін арттыру. «Қуыршақ Әйгерімнің сыйлығы» музыкалық-дидактикалық ойыны. | "Қатардан қалма". Мақсаты: балаларды сапта бір-бірлеп жүру, жүруді жүгірумен кезектестіруге үйрету. "Кедергілерден өт" қимылды ойыны. |
| **Серуенге дайындық** 11.00-11,15 | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен 11.15-12.00** | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге қажетті ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге қажетті ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге қажетті ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге қажетті ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге қажетті ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 1. Үлескеге ұшып келген құстарды бақылау.<br>Мақсаты: құстарды танып білу, дене бөліктерін атау; құстарға деген қамқорлық сезімдерін ояту.<br>2. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (мәселен, гүл суару).<br>Мақсаты: қарапайым тапсырмаларды орындауға үйрету.<br>3. Қимыл-қозғалыс ойындары: «Допты қуып жет», «Күн мен жаңбыр» (мөлшері 2-3рет).<br>Мақсаты: бір-бірімен қақтығысып қалмай жүгіруге жаттықтыру.<br>4. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, далаға алып шығатын материалдармен ойындар.<br>Мақсаты: қызығушылықтары бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және өз құралптастарымен қарым-қатынасқа түсе білуін қалыптастыру. | *Жаңбырды бақылау.*<br>Жұмбақ.<br>Көтеріліп теңізден,<br>Аспанға биік барамын.<br>Биіктен қайта түскенде,<br>Өңі кірер даланың.<br>(Жаңбыр)<br>Бақылау: жаңбыр кезінде, ауа райындағы өзгерістерді білуге үйрету: сұр аспан, бұлтты, бұлыңғыр жаңбыр жауып тұр. Өзгерістерді көрсету; күзгі жаңбыр ұзақ және сирек, жаңбырдан кейін суық жердегі сулар көпке дейін құрғамайды, өйткені күннің көзі жоқ, жәндіктер тығылып қалған, құстардың тамақтары азайған соң олар оңтүстікке ұшып кетеді.<br>Қимылды ойын: «Кең қадам».<br>Сызықты баспай, балаларды белгілеген жерге секірту.<br>Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалсаң – ойыннан шығасың).<br>Еңбек: гүлзардағы жерді қопсыту. Үлкендерге қысқа дайындық кезеңінде көмек беруге тәрбиелеу.<br>Әдептілікке, өзінің еңбек құралдарын жинауға үйрету.<br>Өз бетімен ойындар ойнау: «Қайықтар».<br>Балалардың өз | *Бұлтты бақылау.*<br>Жұмбақтар.<br>Ақ мақта,<br>Жүзіп барады бір жаққа.<br>(Бұлттар)<br>Көзі жасты –жылжып, келе жатыр бір алып,<br>Жабырқаса, жылайды,<br>жадыраса, құлайды. (Бұлт)<br>Бақылау: балалармен бірге бұлттарды бақылаймыз.<br>Бұлт өлі табиғатқа жатады.<br>Бұлт аспанда ұшып, көшіп жүреді. Бұлттар әртүрлі пішінді болады. Бұлттар аспанның ішінде жүзіп бара жатқан қайықтарға ұқсайды.<br>Бұлттан қар жауады, жаңбыр жауады.<br>Қимылды ойын: «Кең қадам».<br>Сызықты баспай, балаларды белгілеген жерге секірту.<br>Жалпы ережені сақтауға тәрбиелеу (сызықты басып қалсаң – ойыннан шығасың).<br>Еңбек: гүлзардағы жерді қопсыту.<br>Үлкендерге қысқа дайындық кезеңінде көмек беруге тәрбиелеу.<br>Әдептілікке, өзінің еңбек құралдарын жинауға үйрету.<br>Өз бетімен ойындар ойнау: «Қайықтар».<br>Балалардың өз жолдастарымен бір шешімге | *Өрмекші мен өрмекті бақылау.*<br>Жұмбақ.<br>Шидиген ұзын сирағы,<br>Тастай керең құлағы.<br>Сөйтіп жүріп көп жерге,<br>Аспалы торлар құрады.<br>(Өрмекші)<br>Бақылау: өрмекшінің өмірі жайында терең білім беріп және олардың жоғалып кетуі жайлы әңгімелеп беру.<br>Өрмекті елестету, өрмек ол өрмекшінің ұсақ жәндіктерді қоректену үшін құратын жіңішке, әрі берік өрілген жібі екендігін айтып беру.<br>Байқампаздықты қалыптастыру.<br>Қимылды ойын: «Маймылдар».<br>Гимнастикалық қабырғаға өрмелеп, ілулі тұрған заттарды алуға үйрету және эстафетаны келесі ойыншы жалғастыруы қажеттігін үйрету. Ойын барысында жылдам шешім қабылдауға тәрбиелеу.<br>Еңбек: «Өрмектеп жинау».<br>Кезекшінің міндеті және берілген тапсырманы мүлтіксіз орындау, қабілетін дамыту.<br>Өз бетімен ойындар ойнау.<br>Басқа балалармен ойнау барысында бір-бірімен | *Өзенді бақылау.*<br>Жұмбақтар.<br>Жазда сылдыр қағады, қыста тыным табады. (Өзен)<br>Бет көрсететін айнам, тауып алдым сайдан. (Ағын су)<br>Бақылау: өзенде болатын маусымдық өзгерістерді бақылап және атап берулерін қадағалау.<br>Су күңгірттенді, суда жүзетін құстар жоқ, балықтар мен бақалар су түбінде. Өзен – табиғаттың негізгі ресурсы екендігін және оның сұлулығына қарап, ұқыптылыққа тәрбиелеу.<br>Тәжірибе. Суға ұсақ тастар мен жаңғақтарды лақтыру.<br>Қорытынды. Ауыр заттар батып, жеңілі су бетіне шығады.<br>Қимылды ойын: «Жылға арқылы».<br>Екі түзу сызықтан қос аяқтап секіруді қалыптастыру. Сабақ барысында үйренген әдіс-тәсілдерді тиімді қолдануға үйрету.<br>Еңбек: «Аквариум үшін жағадан ұсақ тастар жинап теру».<br>Тапсырманының маңыздылығына мән беру, Аквариумдағы балықтардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жолдастарымен бір шешімге келуі және бір іс-әрекетті ұжыммен жасауы. | келуі және бір іс-әрекетті жасауы. | татулықта, бірлікте болуға тәрбиелеу. | өмірі туралы көзқарастарын кеңейту.<br>Өз бетімен ойындар ойнау: Ойынның барысы мен ережесін өз бетімен ойлап табуға үйрету; шығармашылық қабілеттерін дамыту. |
| **Серуеннен оралу**<br>12.00-12.10 | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |
| **Түскі ас**<br>12.10-12.50 | Алдына қойған асқа назар аудартуу; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы**<br>12.50-15.00 | "Екі дос" ертегісін жағымды үнмен айта отырып, балаларды ұйықтату. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары**<br>15.00-15.15 | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау.<br>"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" ойын жаттығулары. | | | | |
| **Бесін ас**<br>15.30-16.00 | Алдына қойған асқа назар аудартуу; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>16.00-16.20 | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу.**<br>"Шкафқа не жиналғанын санайық".<br>Мақсаты: балалардың әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерін қалыптастыру.<br><br>**Үстел үсті театры.**<br>«Менің балабақшам» т. б. тақырыптарда сюжеттік суреттер қарастыру. | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу.**<br>"Атай".<br>Мақсаты: балаларды "Атай" өлеңімен таныстыра отырып, өлеңді мұқият тыңдауға үйрету.<br>Дидактикалық ойын: "Өз отбасыңды құрастыр".<br><br>**Сюжетті-рөлдік ойын.**<br>«Қуыршақты тамақтандыр».<br>Ірі құрылыс материалдарымен, құрастырмақтармен ойындар. | **Сурет салудан ойын-жаттығу.**<br>"Әжем пісірген піспенанды безендірейік".<br>Мақсаты: балалардың қарындашпен піспенанның дөңгелек пішінді сұлбасын қызғалдақ оюы арқылы безендіруге үйрету; оюды төрт жаққа қаратып, салу тәсілін игерту.<br>Логикалық ойын. "Саны тең гүлдерді табайық".<br><br>**«Қуыршақты жуындырамыз» ойын** | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу.**<br>"Отбасы шежіресі".<br>Мақсаты: балалардың отбасы туралы білімдерін кеңейту; өз отбасы туралы шағын әңгімелеп беру қабілетін қалыптастыру.<br>Дидактикалық ойын: "Туыстық атауларды ажырат".<br><br>**«Кімнің заттары?» ойыны (жақын адамдарына тиесілі заттарды тауып айту).** | **Жапсырудан ойын-жаттығу.**<br>**"Менің әжем".**<br>Мақсаты: балаларды көлемі үлкен шеңберден әженің басын, жартысы кесілген шеңберден әженің денесін қағаз бетіне орналастырып, көлемі орташа шеңберлерді тең ортасынан екіге бүктеп әженің шашын жапсыруға үйрету.<br><br>**Сюжеттік ойыншықтармен ойнау,**<br>Ертегі оқу; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **жаттығулары**; альбомдар мен сюжеттік суреттерді қарастыру; ірі құрылыс материалдарымен ойындар. | Боямақтар, пазлдар, мозаикалар және т.б. | Үстел үсті театры<br><br>**Вариативті компонент. Ағылшын тілі**<br>"Hello. Greeting".<br>Мақсаты: Hello. What`s your name? тақырыбымен таныстыру, осы тақырыпқа байланысты жаңа лексикалық бірліктерді үйрету.<br>Didactic game "Magic microphone". |
| **Балалармен жеке жұмыс**<br>16.20-17.00 | **Тапсырма:** суреттерді мұқият қарап шық. Барлық заттарды есінде сақтауға тырыс. Кітапты жауып, суретте не салынғанын айтып бер. | **Дидактикалық ойын. "Күзде не болады?"**<br>Мақсаты: күз мезгілі кезіндегі табиғат құбылыстарын ажырата білу.<br>Барысы: педагог балалардың алдына әр жыл мезгілінде болатын табиғат құбылыстары бейнеленген суреттер таратады. Осы суреттердің ішінен бала, күз мезгіліне байланысты суретті таңдап алады және де суретті бейнелеп береді. Мысалы, "Күн бұлттардың артында жасырынып тұр". | **Дидактикалық ойын. "Жамауын тап".**<br>Мақсаты: балаларды суреттің жетпей тұрған бөлігін тауып, үстіне орналастыруды үйрету.<br>Барысы: педагог әр баланың алдына мысықтар бейнеленген суретті таратады, және сурет бөліктері бейнеленген домалақтарды таратады. Балалар суреттегі жоқ домалақтардың үстіне, сурет бөліктері бейнеленген домалақтарды орналастырады. | **Театрды сахналау.**<br>"Үйшік" ертегісін сахналау. | **Дидиактикалық ойын "Жанды және жансыз табиғат".**<br>Мақсаты: балалардың тірі және жансыз табиғат туралы білімдерін жүйелеу. |
| **Серуенге дайындық**<br>17.00-17.10 | Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. | | | | |
| **Серуен**<br>17.10-17.30 | Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. "Серуенде қалай серуендейміз?" тақырыбында жеке әңгімелесулер. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Музыкалық аспаптармен ойындар.<br>Еркін ойындар.<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар.<br>Кітаптарды санау, өлшеу, салыстыру.<br>Теартлық қойылымдар. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) 17.30-18.30 | Ата-аналар кеңесін сайлау және оның жұмысын жоспарлау. | Психолог кеңесі. Мысалы: «Көпшілік орындарында тәртіпті, мәдениетті балалар өздерін қалай ұстау керек?» | «Тез тамақтанудың зияны» тақырыбында кеңес. | "Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі" тақырыбында әкелермен әңгімелесу. | «Үйде балаларға арналған жиһаз» атты сұрақ-жауап. |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | "Керемет" бастауыш мектеп балабақша кешені | | | | |
| **Топ/сынып** | **Ересек топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | **№ 4 Күншуақ тобы** | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4-5 жасар балалар** | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **12.09-16.09.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** 8.00-8.30 | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен карсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** 8.30-9.00 | Егерде бала ауырған болса, оның келмеуінің себебін ата-анасының балабақша қызметкерлеріне ескертіп айтуы керектігі туралы түсіндіру. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар карау және тағы басқа әрекеттер)** | Балаларды балабақшадағы еңбек жұмыстарына араластыру, ойын бұрышындағы кезекшілікті атқаруға үйрету. | Сабақ уақытында оқу құралдарын тарату, орындарына жинау, тамақ ішер кезде, тәрелкелер мен қасықтарды қою, ішіп болғанда жинасу сияқты жұмыстарға үйрету. **"Оқу қызметіне арналған жабдықтар мен материалдарды дайындаймыз".** Мақсаты: тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсаты: еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды үйреніңіз. Ниетін тәрбиелеу еңбек етуге, ересектерге көмектесу. | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп» (тәрбиешінің көмекшісімен бірге).** Мақсаты: балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяккиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді. | **"Орындықтарды жуу".** Мақсаты: балаларды тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, бөлмедегі орындықтарды таза және таза ұстауға үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүртіп; орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дамыту, балаларды білім беру қызметіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты салуға үйрету. | | Ұжымдағы тату-тәтті еңбек етуді үйрету. | көмектесуге деген ынтаны, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. |
| | **Үстел үсті ойыны**<br>«Мозаика: балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып орналастыра білуге үйрету. Тапқырлыққа баулу.<br><br>**Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу.**<br>"Жабайы жидектер".<br>Мақсаты: тіршілік қауіпсіздігін сақтауға үйрету.<br>"Қарақаттан не жасайды?" жаттығу. | **Дидактикалық ойын «Түстері бойынша бөл».**<br>Өз еріктерімен суреттерді бояу.<br><br>**Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу.**<br>"Ормандағы оқиға".<br>Мақсаты: балаларды ормандағы оқиға желісінің мазмұнымен таныстыру; әңгімедегі көркем сөздерді шынайы айтуға жаттықтыру.<br>Дидактикалық ойын: "Қандай ағаш екенін тап!". | **«Мозаика»**<br>Мақсаты:<br>Балаларға әртүрлі заттар, геометриялық пішіндер құрастыруды үйрету, олардың түстерімен таныстыру, балалардың ой-қиялын дамыту, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. | **«Сөзді аяқта» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: тілдерін дамыту.<br><br>**Мүсіндеуден ойын-жаттығу.**<br>"Сұр қоян".<br>Мақсаты: балаларды бөлшектерді біріктіру арқылы сұр қоянды мүсіндеуге үйрету. | **Дидактикалық ойын. «Кімнің дауысы?»**<br>Балаларды өз еріктерімен ойнату.<br>Геометриялық фигураларды бекіту. |
| **Таңертенгі жаттығу** | 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол бел тұсында<br>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып: "міне" дейді<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол көкірек тұсында<br>2.1. Аяқтарын сәл бүгіп, қолдарын иек тұсына көтеріп "міне " дейді<br>3. Бастапқы қалып жерге отырып, аяқтарын алшақ қояды, дене бос, қол иек тұсында (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>3.1. Жерге отырған қалыпта қолдарын шапалақтайды<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене тік, қол көкірек тұсында<br>4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму.<br>4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "міне" дейді (жаттығу 5 рет қайталанады). | | | | |
| **Таңғы ас** 9.00-9.30 | Балалардың беті-қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.<br>Ойын жаттығуы: "Сабын қолғаптары".<br>Мақсаты: баланы қолдарын сыртқы және ішкі жағынан сабындауға үйрету. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бұл бөлімде ойын жаттығуларын немесе мәдени-гигиеналық дағдыларды дамытуға, үстелге қою дағдыларын және үстелдегі мінез-құлық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған ойындарды жоспарлаңыз. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық**<br>9.20-9.30 | Біз балдырған тең басқан,<br>Дос құшағын елге ашқан.<br>Тілегіміз тыныштық,<br>Ашық болсын кең аспан.<br>Мықты болсын іргеміз,<br>Бәріміз де біргеміз.<br>Жанды және жансыз табиғат туралы әңгімелесу. | «Қайырлы таң!»<br>Қайырлы таң, құсқа да , аңға да,<br>Қайырлы таң, жайдары жанға да.<br>Қайырлы таң алға ассын,<br>Кешке дейін жалғассын!<br>Жанды табиғат туралы әңгімелесу. | Біз балдырған тең басқан,<br>Дос құшағын елге ашқан.<br>Тілегіміз тыныштық,<br>Ашық болсын кең аспан.<br>Мықты болсын іргеміз,<br>Бәріміз де біргеміз.<br>Жансыз табиғат туралы әңгімелесу. | Қайырлы таң, ашық аспан!<br>Қайырлы таң, кең далам!<br>Қайырлы таң, күннің нұры!<br>Қайырлы таң, балабақшам<br>Бәрі бірге айтады.<br>Күз мезгілінің алғашқы айындағы ерекшеліктері, табиғат жайлы әңгімелесу. | Достар бері, келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер.<br>Шаттық толы шеңберге<br>Қуанышпен еніңдер.<br>(Г.Абдрахманов)<br>Шеңберде қол ұстасып тұрып өлең жолдарын бірге айтады.<br>Жанды және жансыз табиғат жайлы әңгімелесу. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет**<br>9.30-11.00 | **Дене шынықтыру.**<br>"Қатарда жүру түрлері".<br>Мақсаты: балаларда бір-бірден қатарға тұру; жүруді жүгірумен кезектестіру дағдыларын дамыту; орындықта көлдененінен еңбектеуге үйрету.<br>"Түрлі таспаларды әкелеміз" қимылды ойыны. | **Музыка**<br>"Жау,жау жаңбыр"<br>Мақсаты. Балаларды әнді тыңдай отырып, мағынасын түсіне білуге үйрету, жәй және көңілді әндерді тыңдай білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық ырғақты қимылдарды музыка әуенімен үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру.<br>Дидактикалық ойын "Жаңбыр". | **Дене шынықтыру**<br>"Бір орнынан биікке секіру".<br>Мақсаты: балаларды қатарда бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге үйрету.<br>"Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. | **Музыка**<br>"Жаңбыр".<br>Мақсаты: балаларды әнді тыңдай отырып, мағынасын түсіне білуге және ырғақты айыра білуге үйрету.<br>Дидактикалық ойын:<br>"Көңілді ноталар". | **Дене шынықтыру**<br>"Шынықсаң - шымыр болсаың ".<br>Мақсаты: балаларды құрсауларды домалатуға үйрету.<br>"Көңілді еңбекте" қимылды ойыны. |
| **Серуенге дайындық**<br>11.00-11.15 | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен**<br>11.15-12.00 | Балаларды серуенге ынталандыру, киімдерін ретімен киюге, барлық түймелерінің қадалғанын қадағалау, бір-біріне көмектесуге үйрету.<br>**Бақшадағы көкөністерді** | Балаларды серуенге ынталандыру, киімдерді ретімен кюиге, түймелерің қадалғанын қадағалау, бір-біріне көмектесуге үйрету.<br>**Гүлдерді бақылау.**<br>(георгин, астра, календула) | Балаларды серуенге ынталандыру, киімдерді ретімен кюиге, түймелерінің қадалғанын қадағалау, бір-біріне көмектесуге үйрету.<br>**Түскен жапырақтарды бақылау.** | Балаларды серуенге ынталандыру, киімдерді ретімен кюиге, түймелерінің қадалғанын қадағалау, бір-біріне көмектесуге үйрету.<br>**Шалшық суды бақылау.**<br>Көркем сөз. | Балаларды серуенге ынталандыру, киімдерді ретімен кюиге, түймелерінің қадалғанын қадағалау, бір-біріне көмектесуге үйрету.<br>**Аула сыпырушының жұмысын бақылау.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **бақылау.**<br>(қырыққабат, қызылша, қызанақ, бұршақ)<br>Тақпақ.<br>Көгөністі көп ектік,<br>Өссін, піссін деп ектік,<br>Көктемде еккен көкөніс,<br>Күзде берді көп өнім.<br>Бақылау: көкөністер жөнінде білімдерін кеңейту: аты, түсі, дәмі, тағамға қолданылуы, құрамындағы дәрумені; күзде көкөністерді жинау; көкөністердің пісіп-жетілуіне мән беру; топырақ салынған жәшіктерді арнайы бөлмелерде сақтау. Өз еңбегінің нәтижесіне ұқыпты карауға үйрету.<br>**Қимылды ойын: «Бақшашылар».**<br>Бақшаны топтасып жинауға балаларды ұйымдастыру. Ойын ережесі: тәрбиешінің белгі беруін күтіп, эстафетаны жалғастыру.<br>**Еңбек: бақшадағы жұмыс, көкөністерді жинау.**<br>Бақшадағы көкөністерді жинап, ересектер мен жолдастарына белсенді түрде көмек көрсеткен балаларды мақтау.<br>**Өз бетімен ойындар: «Көкөністер дүкені».**<br>Көкөністер мен жеміс-жидектерді құмнан | Жұмбақ<br>Құлпырса қадірлейді, аялайды,<br>Құрғаса сыпырғышқа жарамайды. (Гүл)<br>Бақылау: гүлзардағы гүлдердің 2-3 түрінің айрықша белгілерін анықтауда үйрету; оларды ағаштардан ажырата білу; олар қайда өсетінін білу (орман, бақша т.б.). Күзгі гүлдердің сұлулығына **қызығушылықпен, махаббатпен қарауға тәрбиелеу.**<br>**Қимылды ойын: «Бақшадағы тауықтар».**<br>Ағаштарға өрмелеп, белгілі бір жерге секіріп түсуді үйрету. Ойын барысында достық қарым-қатынасты сақтауға тәрбиелеу.<br>**Еңбек: бақшада жұмыс (жер қазу).**<br>Ересектерге белсенді көмек көрсеткен балаларды мадақтау, марапаттау. Ұжымдық тапсырманы бірлесіп орындауға тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар.**<br>«Геометриялық пішіндерді түскен жапырақтармен әшекейлеу».<br>Әр балаға өз еңбегіне қанағаттанарлық жұмыс | Жұмбақ<br>Ағайынды бәрі,<br>Шықса жасыл,<br>Түссе сары. (Жапырақ)<br>Бақылау: ағаштардағы жапырақтардың азайғандығына балалардың назарын аудару: жапырақтар түсіп, айналып, түстерін өзгертуде. Жапырақтардың маусымдық өзгерістеріне, сұлулығына сүйсіне қарауға тәрбиелеу.<br>Тәжірибе: құрғақ жапырақтардың үстімен жүру.<br>Қорытынды: жапырақтар аяқ астында сусылдайды.<br>**Қимылды ойын: «Тыныш жүгіріп өт».**<br>Жапырақтардың үстімен белгілі бір уақытта ақырын жүріп өту. Ережені сақтай отырып (мәреге дейін жүгіріп, кері қайту).<br>Ойындарға белсенді қатысуын талап ету.<br>**Еңбек: түскен жапырақтарды жинау.**<br>Белгіленген жерге түскен жапырақтарды тырнауышпен жинап тасуды үйрету. Балалардың бірігіп жұмыс істеуін қадағалау.<br>**Өз бетімен ойындар: «Жапырақты кілем».**<br>Балалардың бірлескен | Сылдырлайды мөлдір су,<br>Мөлдір суға бетіңді жу.<br>Тазалықтың досы,<br>Су дегенім осы.<br>Бақылау:<br>балалардың назарын жаңбырдан соң жиналатын шалшық суларға аудару.<br>Жаздың ыстық күнінде шалшық сулардың тез сіңіп, ал күзде, салқын түскенде ақырын сіңіп кететініне мән бергізу.<br>Тәжірибе. Суға тастар мен жаңғақтарды лақтыру.<br>Мақсаты: кейбір заттардың суға батып кететінін, ал кейбіреулерінің су бетінде қалқып жүретінін бақылау.<br>**Қимылды ойын: «Бір аяқпен жолдан секіру».**<br>Ойын алаңындағы ережені сақтай отырып, бір аяқпен алға жылжып секіруді үйрету.<br>Еңбек: балалармен бірге балабақша алаңын жылы сумен жууды бақылау, еңбектің маңыздылығын сезінуге және үлкендерге көмектесуге үйрету.<br>**Өз бетімен ойындар: гимнастикалық құралдарға өрмелеу (баспалдақ т.б.).**<br>Балалардың қосалқы ойындарға деген | Мақал-мәтел.<br>Еңбексіз өмір – сөнген көмір.<br>Бақылау: аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау, еңбек нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау-бақшаларда түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығы; еңбек құралдарын атап беру ( сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс жәшігі). Аула сыпырушы еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға үйретіп, тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын: «Құнан шабысы» (қырғыз халқының ұлттық ойыны).**<br>Ойын ережесін сақтауға (белгіден соң жүру, бірін-бірі итермеу) үйрету. Жылдамдықпен күш жігерді дамыту.<br>**Еңбек: аула сыпырушыға көмектесу.**<br>Балаларды ересектерге көмектесуге үйрету. Еңбектенуге деген құштарлықтарын дамытып, тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар: доппен ойын.**<br>Әр балаға доппен ойнау мүмкіндігін беру. Олардың |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | мүсіндеу.<br>Берілген ойын тақырыбында шығармашылық, белсенділік көрсеткендерді мадақтау; ойынға деген қызығушылықтарын қолдау және дамыту. Көкөністер мен жемістер туралы алған білімдерін бекіту. | жасауына көмектесу. Сөздік қорын дамыту. | ойынының келісімді болуын қадағалау, бақылау. | қызығушылықтарын дамытып, достық қарым-қатынаста ойнауға қадағалау. | ойын барысында еркіндік пен қуаныш сезімін оята білу. |
| **Серуеннен оралу**<br>12.00-12.10 | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |
| **Түскі ас**<br>12.10-12.50 | Алдына қойған асқа назар аудартү; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы**<br>12.50-15.00 | «Құйыршық» ертегісн оқып беріп, балаларды ұйықтату. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары**<br>15.00-15.15 | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру.<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. | | | | |
| **Бесін ас**<br>15.30-16.00 | Алдына қойған асқа назар аудартү; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>16.00-16.20 | **Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу.**<br>"Менің мекенім тақырыбына әңгімелесу".<br>Мақсаты: балалардың мекежай туралы ұғымдарын қалыптастыру;<br>Қазақстандағы ауыл мен қала елдімекендер мен табиғаттың ерекшеліктері жөнінде жалпы ұғымдар беру.<br>Миға сыймас логикалық жаттығу. "Қатені тап" | **Сурет салудан ойын-жаттығу.**<br>"Арқасын жиырған мысық".<br>Мақсаты: балаларды бормен арқасын жиырған мысық бейнесін салу амалдарына үйрету; қағаздың ортасына мысықтың денесі мен аяқтарын доғалы сызық негізінде салып, бір жағына дөңгелек басын, екінші жағына ұзын құйрықты салу тәртібін қалыптастыру.<br>Ойын-жаттығу. "Бірдей | **Вариативті компонент. Құрастыру**<br>"Мен және менің отбасым".<br>Мақсаты: балаларды қағаздан отбасы мүшелері: әке мен ананы құрастыру амалдарымен таныстыру; жарты шеңберді бүру арқылы геометриялық дене: конусты жасауға үйрету; қағаздың сипаттары және түрлері туралы білімдерін толықтырып, балалардың қағаздан құрастыру | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу.**<br>"Санауды үйренемін. Тәулік бөліктері".<br>Мақсаты: балалардың тәулік бөліктері жөнінде,"таңертең", "күндіз", "кеш", "түн" туралы түсініктерін тиянақтау, заттардың саны, заттарды белгілейтін сандар туралы ұғымдарды қалыптастыру.<br>Дамытушы жаттығу. | **Құрастырудан ойын-жаттығу.**<br>"Ханзада бақа".<br>Мақсаты: балаларды ағайынды Гриммдер "Бақа ханзада" ертегісінің басты кейіпкері бақаны қағаздан құрастыруға үйрету.<br><br>**«Жұбын тап».**<br>Мақсаты: геометриялық пішіндерді қайталау, салыстыруға жаттықтыру.<br>Ойынның құрал- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ойыны.<br><br>**Дидактикалық ойын «Көрші-көрші».**<br>Үстел ойындары: лото, домино. | мысықты тап".<br><br>**Дидактикалық ойын «Тап та, атын ата».**<br>Мақсаты: түсті қабылдауын және ұсақ саусақ моторикасын дамыту. | іскерліктерін жетілдіру.<br>Дидактикалық ойын: "Отбасы ағашы".<br><br>**«Пішінді құрастыр».**<br>Ойын мақсаты: түстер мен пішіндер арқылы құрастырып үйрету. Есте сақтау, көру, ажырату қабілеттерін дамыту.<br>Ойын шарты: балалардың алдына әртүрлі пішіндер беріледі. Ол пішіндерден суреттегі көрсетілген заттарды құрастырады. Түсі мен пішінін дұрыс ажыратулары керек. | "Тәуліктің бөлігін тап".<br><br>**«Суреттер құрастыру».**<br>Мақсаты: балаларға ұсақ суреттерден бір мазмұнды сурет құрастыруды үйрету, әңгіме құрастыра білу, тіл байлығын, ой-өрісін дамыту, әртүрлі мазмұнды суреттер құрастыруға деген балалардың қызығушылығын арттыру. | жабдықтары: әртүрлі ретте орналастырылған пішіндер.<br>Ойын барысы: балаларға геометриялық пішіндер беріледі, балалар тура сондай түсті пішінді табады. |
| **Балалармен жеке жұмыс**<br>16.20-17.00 | **«Сөзді аяқта» дидактикалық ойыны.**<br>Мақсаты: сөйлеу тілін дамыту. | **Дидактикалық ойындар "Геометриялық пішіндер".**<br>Мақсаты: балаларға біреуі артық немесе кем санды тауып, атауды үйрету.<br>Көрнекілік: геометриялық пішіндер салынған карточкалар жиынтығы.<br>Барысы: балалар геометриялық үшбұрыш, шаршы, дөңгелек тәріздес пішіндерді пайдаланады.<br>Педагог тапсырма береді, балалар оны жеке орындайды.<br>1-тапсырма. Дөңгелектерден біреуін артық етіп, үшбұрыштарды қойыңдар.<br>Педагог үш дөңгелек салынған сандық | **Дидактикалық ойын "Жұмбақ сан".**<br>Мақсаттары: балаларды қосу мен алудың қарапайым математикалық әрекеттеріне дайындауға ықпал ету; алдыңғы және кейінгі сандарды алғашқы ондықта анықтау дағдыларын нығайтуға көмектесу.<br>Сипаттама: мысалы, үш санынан үлкен, бірақ бес санынан аз; қай сан үштен аз, баладан оны болжауды сұраңыз. Бала әртүрлі сандарды атайды, ал мұғалім аталған саннан көп немесе аз деп айтады. Содан кейін сіз баламен рөлдерді өзгерте аласыз. | **Театрды сахналау.**<br>"Қасқыр және жеті лақ" ертегі желісін саусақ театры арқылы сахналау. | **Геометриялық фигуралар**<br>Геометриялық фигуралар туралы түсініктерін қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | карточканы көрсетеді.<br>2-тапсырма. Мұндағы дөңгелектерден біреуін кем етіп, шаршыларды қойыңдар.<br>Педагог бес дөңгелек салынған сандық карточканы көрсетеді.<br>3-тапсырма. Дәл осындай пішінді көрсетіңдер.<br>Педагог дөңгелекті көрсетеді.<br>Ойын соңында қорытынды шығарылады, зеректік танытқан баланы педагог мақтайды. Ойынның барысында балалардың зейіні, қол қимылының жылдамдығы, дәлдігі қалыптаса бастайды және санауды, біреуі артық немесе кем санды тауып, оны атауды үйренеді. | | | |
| **Серуенге дайындық**<br>17.00-17.10 | Алдымен топтағы аяқкиімдерін ауыстырып, аяқкиімді орнына қойып, киімдерді ретімен киюге үйрету. Ауыстырған киімдерін бүктеп орнына қойғандарын қадағалау, ойын арқылы жылдамдыққа үйрету. | | | | |
| **Серуен**<br>17.10-17.30 | Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. "Жанды және жансыз табиғат" тақырыбында жеке әңгімелесулер. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар.<br>Еркін ойындар.<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар.<br>Кітаптарды санау, өлшеу, салыстыру.<br>Театрлық қойылымдар. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес | Ата-аналарға кеңес:<br>«Үйде ойын бұрышын | «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау | «Менің достарым» атты тақырыпта көрме | «Балабақша ережелері»,<br>«Достарымыздың арасында | Ата-аналардан сауалнама алу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 17.30-18.30 | ұйымдастыру». | керекпіз?» тақырыбында әңгіме жүргізу. | ұйымдастыру. | өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыбында әңгіме жүргізу. | |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | „Керемет" бастауыш мектеп балабақша кешені | | | | |
| **Топ/сынып** | **Ересек топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | **№ 4 Күншуақ тобы** | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4-5 жасар балалар** | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **19.09-23.09.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** 8.00-8.30 | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен карсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** 8.30-9.00 | Баланың денсаулығы туралы ата-аналармен жеке әңгімелесу, сондай-ақ осы бағанда кеңес беруді немесе жеке әңгімелесуді көрсетуге болады (мысалы, күзде ЖРВИ кезеңінде және ЖРВИ алдын алу шаралары, егер карантин тобында, мысалы, желшешек ауруы болса осы тақырып бойынша кеңес беруді немесе жеке кеңес беруді көрсету). | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Ойыннан кейін топта тәртіп орнату".** Мақсаты: балалардың тәртіпке деген саналы ұмтылысын, ойыннан кейін ойыншықтарды жинастыру әдетін қалыптастыру. Жұмыс жоспарын құру, алдағы қызмет үшін қажетті материалдарды таңдау қабілетін жетілдіру. | **"Ойыншықтардағы тәртіп".** Мақсаты: жұмыс басталар алдында балаларға жұмыс алжапқышын киюді үйрету; ойыншықтарды тәртіпте ұстау: жуу, кептіру, сүрту және орнына қою. Еңбекқорлықты, тәртіпсіздікті көре білуді дамыту; сумен жұмыс кезінде ұқыптылықты | **"Оқу құралдарымен шкафта тәртіпті сақтау".** Мақсаты: балаларды өз бетінше шкафтарда тәртіпті сақтауға, шаңды сүртуге үйрету. | **"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүртеміз".** Мақсаты: балаларды сумен жұмыс кезінде келесі ережелерді сақтауға үйрету: жеңдерді орап, шүберекті сулаңыз және құрғатып сығыңыз, ластанған кезде оны сумен шайыңыз. | **"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз".** Мақсаты: еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы мұқият, жылдам орындау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | дамыту. Өз еңбегі мен басқа адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. | | | |
| | **«Емхана» сюжеттік-рөлдік ойыны.**<br>Мақсаты: балаларды үлкендердің еңбегімен таныстыру. Балаларды дәрігер, медбике ретінде болып ойнауға үйрету. | **Құрылыс ойындары «Аспалы көпір».**<br>Мақсаты: балалардың қиялын, зейінін, ойлау қабілетін дамыту. | **«Кім зейінді?»**<br>Мақсаты: белгілі геометриялық пішіндерден әртүрлі нәрселер құрастыру. Көрнекілік: сіріңке корабында таратпа геометриялық пішіндер. Барысы: тәрбиеші төмендегі бейнелерді геометриялық пішіндерден алып бейнелер құрайды. Жылдам болған бала мадақталады. | **Дидактикалық ойын: «Төлдерін тап».**<br>Мақсаты: үй жануарлары мен олардың төлдері туралы түсініктерін тиянақтау. Алдарындағы суреттен үй жануарлары мен олардың төлдерін сызық арқылы қосу керектігін түсіндіреді. Соңынан қай малдың төлі қалай аталатынын айтқызады. | **Дидактикалық ойын. "Жамауын тап".**<br>Мақсаты: балаларды суреттің жетпей тұрған бөлігін тауып, үстіне орналастыруды үйрету. Барысы: педагог әр баланың алдына мысықтар бейнеленген суретті таратады, және сурет бөліктері бейнеленген домалақтарды таратады. Балалар суреттегі жоқ домалақтардың үстіне, сурет бөліктері бейнеленген домалақтарды орналастырады. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол бел тұсында<br>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып: "міне" дейді<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол көкірек тұсында<br>2.1. Аяқтарын сәл бүгіп, қолдарын иек тұсына көтеріп "міне " дейді<br>3. Бастапқы қалып жерге отырып, аяқтарын алшақ қояды, дене бос, қол иек тұсында (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>3.1. Жерге отырған қалыпта қолдарын шапалақтайды<br>3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене тік, қол көкірек тұсында<br>4.1. Бір орында тұрып секіру, қолдарын көкірек тұсында ұстап, алақандарын жұму.<br>4.2. Бастапқы қалып алақандарын ашу "міне" дейді (жаттығу 5 рет қайталанады). | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**9.00-9.20** | Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыруы. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. Тазалықты сақтау үшін сумен дос болу керек.<br>Сылдырлайды мөлдір су<br>Мөлдір суға әрдайым | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Таза бетін маңдайын | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық**<br>**9.20-9.30** | - Сәлем, күнім!<br>Сәлем, жер!<br>Сәлем, досым!<br>Сәлем, ел!<br>"Сәлем" деймін әркашан,<br>Арайлы, балабақшам!<br>Жанды және жансыз табиғатты пысықтау. | «Достық» шеңбері.<br>Біз қандаймыз, қандаймыз,<br>Шұғылалы таңдаймыз,<br>Жарқыраған күндейміз,<br>Табиғатты қорғаймыз.<br>Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады.<br>Қазақстан Республикасының алғашқы Елбасы және қазіргі президенті жайлы әңгімелесу. | «Қайырлы таң!»<br>- Қайырлы таң, құсқа да аңға да!<br>Қайырлы таң, жайдары жанға да!<br>Қайырлы таң, алға ассын!<br>Кешке дейін жалғассын!<br>(Жарты шеңбер құрып отыр. Бәрі бірге айтады).<br>ҚР Рәміздері жайлы әңгімелесу. | - Армысың шапағатты Күн-Ана!<br>Армысың шапағатты Күн Ана!<br>Армысың қайырымды Аспан Ана!<br>Армысың мейірімді ЖерАна!<br>Құт дарыт, бар әлемді жарылқа!<br>"Қазақ тілін мақтан тұтамын" атты тақырыпта әңгімелесу. | Бақшамызға барғанда,<br>Жолыққан бар жандарға<br>Ертемен ақ пейілмен<br>Ертемен ақ пейілмен<br>"Қайырлы таң!"- деймін мен.<br>Күндіз де елді елеймін:<br>Үйге кешке келемін,<br>Не дерімді білемін<br>«Кеш жарық!»-деп кіремін.<br>Шеңбер бойына тұрып, қимылдар жасайды.<br>Тілдер мерекесі жайлы әңгімелесу. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет**<br>**9.30-11.00** | **Дене шынықтыру**<br>"Біз алғырмыз".<br>Мақсаты: балаларды аяқтың ұшымен жүгіру; гимнастикалық орындықпен тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету.<br>"Гимнасшылар" ойыны. | **Музыка**<br>"Ата-ананы тыңдаймыз".<br>Мақсаты: балаларды ата-ана туралы әннің сипатын ажырата білуге үйрету.<br>"Сылдырмақ" музыкалық-дидактикалық ойын. | **Дене шынықтыру**<br>Тақырыбы: "Бөренемен тағандап жүру".<br>Мақсаты: балаларды қатарда бірінің артынан бірі жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; сапта тұрып, тізені жоғары көтеріп адымдауға үйрету.<br>"Арқан тарту" қимылды ойыны. | **Музыка**<br>"Күздің ғажайып құбылыстары".<br>Мақсаты: балаларды әнді тыңдай отырып, мағынасын түсіне білуге және ырғақты айыра білуге үйрету.<br>"Қатты немесе ақырын" музыкалық - дидактикалық ойыны. | **Дене шынықтыру**<br>"Кедергіден өту амалдары".<br>Мақсаты: балаларды бір орында тұрып секіру; допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алуға (1,5 м қашықтықта) үйрету.<br>"Секірейік көңілді" ойыны. |
| **Серуенге дайындық**<br>11.00-11,15 | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен**<br>**11.15-12.00** | Балаларды ауа райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу.<br>**Ағаштарды бақылау**<br>Көркем сөз.<br>Тербеледі ағаштар,<br>Алдымнан жел еседі, | Балаларды ауа райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу.<br>**Шөптің солуын бақылау**<br>Жұмбақ.<br>Дала кілемі.<br>Ол не? (Шөп, өсімдіктер) | Балалардың ауа райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу.<br>**Шыбын-шіркейлердің жойылуын бақылау**<br>Жұмбақ.<br>Шидім, шидім, шидім құс, | Балалардың ауа-райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу.<br>**Саңырауқұлақты бақылау**<br>Жұмбақ.<br>Сырты бүтін,<br>Іші түтін. (Саңырауқұлақ) | Балаларды ауа райына сәйкес киіндіру туралы әңгімелеу.<br>**Жапырақтардың толық түсуін бақылау**<br>Жұмбақ.<br>Ағайынды бәрі, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Кіп-кішкентай ағаштар,<br>Үп-үлкен боп өседі.<br>Бақылау: сыртқы белгілеріне қарап ағаштардың 2-3 түрін (шырша, қайың, терек) танып, ажырата білу.<br>Маусымды өзгерістер кезінде ағаштарды бақылау, жапырақтарының азаюына назар аудару.<br>Жапырақтардың жазда және күзде қандай түсте болатынын анықтау.<br>**Қимылды ойын: «Аталған ағашқа жүгіріп бар».**<br>Бейнеленген сын-сипатты белгілер бойынша ағаштың атауларын білу. Сигнал бойынша жұмыс істеп, аланда бір-біріне соқтықпай орын ауыстыруға үйрету.<br>**Еңбек:** ағаштардың арасындағы қурап қалған бұтақтарын жинау.<br>Ұжымдық тапсырмаларды орындап, бірлескен тапсырманы дер кезінде аяқтауды үйрету. Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу.<br>**Өз бетімен ойындар: әткеншек тебу.**<br>Ойын барысында достық қарым-қатынас бірлестігін жетілдіру. | Бақылау:<br>балаларды шөптің кескін-келбеті өзгеруі туралы түсініктерін кеңейту.<br>Өсімдіктерге деген сүйіспеншілігін арттыру.<br>**Қимылды ойын:«Көгершін» ойын.**<br>(шешен-ингуш халықтарының ұлттық ойыны)<br>Аланда орын ауыстыруды бекіту, жартылай отырып, аяқты бірге қосып, қолды тізеге дейін созып, айқастырып ұстау (қабылдаған қалыпты сақтап, орын ауыстыру, бір-бірін итермеу). Ойын ережесін сақтау.<br>**Еңбек:** қурап қалған шөпті тырнауышпен жинау.<br>**Тырнауыштармен жұмыс істеуді бекіту, нақтылы орынға шөпті жинау.**<br>**Еңбексүйгіштікке баулу.**<br>**Өз бетімен ойындар: «Ертегідегі үйшік» ойыны.**<br>Балалардың қалауы бойынша (2-3 адам) үйшік ойнауларын қадағалау.<br>Байсалды, қуанышты жағдай жасауына мүмкіндік туғызу. | Ши басына қонған құс.<br>Қарқаралы қара құс,<br>Хан басына қонған құс.<br>(Шыбын)<br>Бақылау: күз мезгілінде шыбын-шіркейлерлің өмір сүруін, олардың тастар мен жапырақтардың астына тығылуын бақылау, қорытынды жасау. Ауа райының салқындауына байланысты жәндіктердің жоғалуы.<br>**Қимылды ойын: «Көбелекті ұстап алу».**<br>Бір затты (көбелекті) ұстап алу мақсатында жоғары секіруге үйрену.<br>Достарымен жақсы қарым-қатынаста болуға, тәрбиелеу.<br>**Еңбек:** клумбаларды қурап қалған гүлдерден тазалау, өз міндеттерін үлкен жауапкершілікпен атқаруға тәрбиелеу, өсімдіктерге деген сүйіпеншіліктерін арттыру.<br>**Өз бетімен ойындар:** жақсы көретін ойыншықтармен ойнау, ойынды жолдастарымен бірігіп ойнауға үйрету. | Жеуге жарамды – ақ түсті, майлы.<br>Улы – мухомор, бозарыңқы арамқұлақ.<br>Бақылау:<br>саңырауқұлақтарды ажырата білу, олардың сырт бейнесіне қарап тану (түсі, пішіні). Бөліктерін атап беру: аяғы, қалпағы. Күз айының кереметін ұғыну, мейірімділіке тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын: «Аюдың апанында» (орыс халқының ұлттық ойыны).**<br>Балаларға сөздерін анық айтқызу, ойын ережесін сақтауға үйрету. «Аюды» санамақ арқылы таңдауға үйрету.<br>**Еңбек:** тотықұсқа тамақ. Ерікті күштерді қоса тіркелетін қызметтің мақсаттылығына тәрбиелеу. Өз еңбегінің маңыздылығын түсіндіру.<br>**Өз бетімен ойындар: «Балық аулау» т. б. ойындар.**<br>Ептлікті талап ететін дербес ойындарды мадақтау, жылдамдыққа үйрету. | Шықса жасыл,<br>Түссе сары. (Жапырақ)<br>Бақылау: өсімдіктер дүниесінің маусымдық өзгерістері туралы түсініктерін жалғастыру: жалаңаш ағаштар.<br>Жапырақтардың қайдан түскенін, қайда түскенін, түсі қандай болғанын естеріне түсіру. Әдемі жапырақтарға сүйсіне қарап, табиғатты білуді және табиғатпен қарым-қатынастан қуаныш алуға тәрбиелеу.<br>**Қимылды ойын: «Соқыр теке» ойыны (орыс халқының ұлттық ойыны).**<br>Ойын ережесін сақтай отырып, балалардың ойынға қатысуын **қадағалау.**<br>**Еңбек:** ауладағы жұмыс. Жапырақтарды тырнауышпен жинау.<br>Өз бетімен ойындар: түскен жапырақтардан оюлар, заттар құрастыру, шығармашылықтарын, фантазияларын дамыту. |
| **Серуеннен оралу**<br>12.00-12.10 | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Түскі ас**<br>12.10-12.50 | Алдына қойған асқа назар аудару; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы**<br>12.50-15.00 | Жағымды музыка әуенімен балаларды ұйықтату. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары**<br>15.00-15.15 | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру;<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. | | | | |
| **Бесін ас**<br>15.30-16.00 | Алдына қойған асқа назар аудару; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>16.00-16.20 | **Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: "Туыстар. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [ы], [і] дыбыстары".<br>Мақсаты: балаларға туыс адамның отбасыдағы орны туралы түсіндіру; [Ы], [І] дауысты дыбыстар жөнінде ұғымдар қалыптастыру; дауысты дыбыстардың сөздердің құрамында жіңішке және жуан болу мысалдарын көрсету. Артикуляциялық жаттығулар. [Ы], [І] дауысты дыбыстары.<br><br>**Үстел-үсті ойындары. "Пазылдар".**<br>Мақсаты: зейін, ойлау және визуалды есте сақтау қабілеттерін дамыту. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу.**<br>"Нұр-Сұлтанға саяхат".<br>Мақсаты: балаларды Нұр-Сұлтан қаласының әсем ғимараттарымен таныстыра отырып, қала туралы әңгімелеп беруге үйрету.<br>Дидактикалық ойын: "Өз туыңды тауып ал".<br><br>**Қимылды ойындар «Ұшты-ұшты».**<br>Мақсаты: шапшаңдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынға қатысушылар бастаушының сөзін қалт жібермей, тыңдап отыру шарт. Ұшатын құс не зат туралы айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айып тартып тақпақ айтады не ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая | **Жапсырудан ойын-жаттығу.**<br>"Көк тудың желбірегені".<br>Мақсаты: балаларды көк түсті қағаз бетіне қыран және күннің кимаүлгілерін жапсырып, тудың бейнесін құрастыруға; күн және күн шуақтарының үстіне тарыны, қыран үстіне қарақұмықты желімнің көмегімен жапсыруға үйрету.<br><br>**Дидактикалық ойын «Жануарлардың төлдерін тауып, оларды атап бер".**<br>Мақсаты: үй жануарларын ажырата білуге, олардың төлдерін ажырата білуге, жануарларды күте білуге, қамқорлыққа алуға тәрбиелеу.<br>Ойын ережесі: ойыншық үй жануарлары үстелдің үстінде тұру керек. Балалар | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу.**<br>"Менің көшемде не бар?"<br>Мақсаты: балалардың екі және үш сандары жөніндегі ұғымдарының негіздерін қалыптастыру, "оң қол", "сол қол" ұғымдарын тиянақтау.<br>Дамытушы ойын. "Достар болайық."<br><br>**Театрды сахналау.**<br>"Арыстан мен тышқан" ертегі желісін маскамен сахналау. | **Вариативті компонент. Ағылшын тілі**<br>"Numbers 1-5".<br>Мақсаты: Number, one, two, three, four, five " лексикалық бірліктерін беру және жауап беруге, ағылшын тілінде санауға үйрету.<br>Didactic game "Write & wipe 123 activity cards".<br><br>**«Киім дүкені»**<br>Мақсаты:ойын барысында рөлдерді ойнай білуге үйрету. Сатушы әртүрлі киімдер түрлері туралы әңгімелейді. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | түседі.<br>Бастаушы:<br>Ойынды былай жүргізеді.<br>Ұшты-ұшты сұңқар ұшты!<br>(қол көтереді)<br>Ұшты-ұшты қарға ұшты!<br>(қол көтереді) | ойыншықтарды мұқият қарап алады. Тәрбиешінің белгісі бойынша көздерін жұмады, сол кезде тәрбиеші үй жануарларының бір төлін тығып тастайды. Тәрбиеші ненің төлі жоқ деп сұрайды? Балалар жауап беру керек. Ойын бірнеше рет жалғастырылады. | | |
| **Балалармен жеке жұмыс**<br>16.20-17.00 | **«Сиқырлы қапшық»**<br>Ойынның мақсаты: заттарды белгілі бір қасиеттері бойынша салыстыруға, топтастыруға үйрету.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: түсі, өлшемі, пішіні бойынша әртүрлі ойыншықтар.<br>Ойынның мазмұны: Балалар «Сиқырлы қапшықтың» ішіндегі затты ұстап көріп, пішінін анықтайды, ойыншықты алған соң атын атап, түсін айтады. | **Дидактикалық ойын: «Не артық?»**<br>Әр баланың алдына жемістер мен көкөністер араласқан суреттері беріледі. Артығын тауып, атауды ұсынады.<br>Жемістер мен көкөністерді ажыратады, мысалы: алма, анар, лимон, орамжапырақ. Мұнда, орамжапырақ артық, өйткені ол көкөніске жатады, қалғаны жемістер. | **Артикуляциялық жаттығу**<br>Аюдың тапсырмасы артикуляциялық жаттығу жасау.<br>1) Ян - ян - секеңдеген ақ қоян,<br>Ю - ю - ю - қорбаңдаған аю.<br>Кі - кі - кі – бұл айлакер түлкі,<br>Қыр - қыр - қыр - бұл көкжал қасқыр.<br>2) Ыр-ыр-ыр-ырылдайды қасқыр,<br>Ра-ра-ра- бал жинайды ара,<br>Мір-мір-мір- қап-қара көмір. | **«Дәл осындай пішінді тап».**<br>Мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту, пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: бала саны бойынша құлыптың суреттері, геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны: алдарындағы сиқырлы құлыпты ашуды ұсыну. Құлыптың кілттері де сиқырлы, геометриялық пішіндерден құралған екенін айту. Әр бала құлыпқа сай келетін кілтті алып, құлыпты ашады. | **«Кел, жазайық.»**<br>Мақсаты: тиянақтылыққа, көркем жазуға, қалам ұстауға үйрету. Үзік сызықтарды салу білігін бекіту.<br><br>Балаларға үлгілер таратылады. Суреттер мен жазулар үзік сызықтар арқылы беріледі. |
| **Серуенге дайындық**<br>17.00-17.10 | Алдымен топтағы аяқ киімдерін ауыстырып, аяқ киімді орнына қойып, киімдерді ретімен киюге үйрету. Ауыстырған киімдерін бүктеп орнына қойғандарын қадағалау, ойын арқылы жылдамдыққа үйрету. | | | | |
| **Серуен**<br>17.10-17.30 | Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. "Менің Қазақстаным" тақырыбында жеке әңгімелесулер. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Музыкалық аспаптармен ойындар.<br>Еркін ойындар.<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар.<br>Кітаптарды санау, өлшеу, салыстыру.<br>Театрлық қойылымдар. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес) 17.30-18.30 | «Бала қауіпсіздігі басты назарда» ата-аналармен кеңестер жүргізу. | Балалардың тәртібі жайлы әңгімелесу. | Кеңес: «Неліктен бала тыңдамайды?» | Отбасыдағы патриоттық сезімге баулу тәрбиесі жайлы ата-аналармен әңгімелесу. | Ата-аналар жиналысы «Отбасы және тәрбие бастауы». |

| ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)** | "Керемет" бастауыш мектеп балабақша кешені | | | | |
| **Топ/сынып** | **Ересек топ** | | | | |
| **Тобы, топтың реттік саны, атауы** | **№ 4 Күншуақ тобы** | | | | |
| **Балалардың жасы** | **4-5 жасар балалар** | | | | |
| **Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)** | **26.09-30.09.2022ж.** | | | | |
| **Апта күндері** | ***Дүйсенбі*** | ***Сейсенбі*** | ***Сәрсенбі*** | ***Бейсенбі*** | ***Жұма*** |
| | | | | | |
| **Күн тәртібі** | | | | | |
| **Балаларды қабылдау** 8.00-8.30 | Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. | | | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** 8.30-9.00 | Ата-аналармен әрбір баланың оқу қызметіне дайындығы және оқу қызметіне керекті заттар жайлы әңгімелесу. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Кітап бұрышындағы еңбек".** (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсаты: балаларды жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды және оларды мұқият желімдеуге үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіпті | **"Біздің шкафта тәртіп бар".** Мақсаты: балаларды сыртқы киімге арналған шкафта заттарды бүктеу кезінде дәлдікке үйрету. | **"Асхана бойынша кезекшілік".** Мақсаты: балаларды кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауға үйрету. Қолды мұқият жуыңыз, кезекшінің киімін киіңіз, үстелді дұрыс қойыңыз. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалаңыз. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдықтаудағы ретсіздікті көре білу. | **"Кір сүлгілерді ауыстыру".** Мақсаты: еңбекке деген тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні жеке ұяшыққа іліп қоюды және ұқыптылыққа үйрену. Еңбекке баулу. | **"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп". (тәрбиешінің көмекшісімен бірге)** Мақсаты: балаларды жеке киім шкафтарында тәртіпті сақтауға үйрету: шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлыққа, тәртіпті көре білуге. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сақтауға тәрбиелеу. | | | | Ұжымдағы тату-тәтті еңбек етуге үйрету. |
| | **Құрылыс ойындары**<br>"Жануарларға арналған балабақша", "куыршақтарға арналған үй". | **Дидактикалық ойын «Қасқырдан құтқар».**<br>Мақсаты: тіл байлықтарын арттыру, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру.<br>Балалардың назарын үстел үстіндегі ойыншықтарға (үй жануарлары мен қасқырдың нақпішініне) аударады. Әр үй жануарын қасқырдан құтқару үшін ол туралы өлең, жұмбақ, жаңылтпаш айту керектігін түсіндіреді. | **«Ғажайып қоржын» дидактикалық ойыны**<br>Ойынның шарты: ғажайып қоржынның ішінде бірнеше заттар: ойыншықтар, оқу құралдары бар, сол заттардың ішінен оқу құралдарын бір бөлек, ойыншықтарды бір бөлек жинап алу керек.<br>Оқу құралдар мен ойыншықтарды бөлек жинайды. | **Дидактикалық ойын "Ғажайып нүктелер".**<br>«Ғажайып нүктелер» арқылы карлығаштың суретін салады.<br>Нүктелерді қосып, карлығаштың суретін шығарады. | **Суреттерді бояу**<br>Суреттерді бояу, беттерін де бояу.<br>Мақсаты: балалардың қуанышты эмоцияларын ояту. |
| **Таңертенгі жаттығу** | 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол төменде<br>1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып-жұмады;<br>1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады).<br>2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене тік, қол кеукірек тұсында<br>2.1. Оң аяқтарын артқа қойып, екі қолдарын да артқа созады<br>2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады).<br>3. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде<br>3.1. Орындарында тұрып, бастарын алдымен оңға бұрады<br>3.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады).<br>4. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дене бос, қол көкірек тұсында<br>4.1. Қолдарын жандарына созады;<br>4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 6 рет қайталанады)<br>5. Бастапқы қалып аяқ бірге, дене бос, қол төменде<br>5.1. Қолдарын жандарында ұстап, бір орында тұрып, пингвин сияқты айналу<br>5.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). | | | | |
| **Таңғы ас**<br>**9.00-9.20** | Балалардың беті қолын жуып, таңғы асқа отыру. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық, шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу.<br>Ас ішуге тұрайық<br>Қолымызды жуайық<br>Сабын, суды аямай | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тазалықты ұғайық | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық 9.20-9.30** | «Қылқалам ханшасы».<br>Жер-Ана, саған мың алғыс,<br>Сыйлайсың бізге қуаныш.<br>Жазда, күзде, қыста да,<br>Көркемсің көктем тұста да!<br>Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады.<br><br>ҚР Президенті, ҚР Рәміздері жайлы әңгімелесу. ҚР Әнұранын шырқау. | «Тілек тілеу».<br>Барлығымыз табиғатты сүйеміз,<br>Үлкендердің сөзін ойға түйеміз.<br>Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз,<br>Бейбіт өмір баршамызға тілейміз!<br>(Шеңбер құрып, қайталайды).<br><br>Күз ерекшеліктері жайлы әңгімелесу. | - Сәлем, саған, ыстық жерім!<br>Сәлем, саған, туыс елім!<br>Ыстық маған ошақ үйім,<br>Домбыраның қоңыр күйі!<br><br>Бір-біріне жылулық сыйлап, достық туралы, топтың ережесі туралы әңгімелесу. | - Қайырлы таң, Алтын күн!<br>Қайырлы таң, Жер Ана.<br>Аман болсын, достарым,<br>Аман болсын, ата-анам.<br><br>Алтын күз жайлы әңгімелесу. | Күн жылуын аямасын,<br>Шуағымен аяласын.<br>Достық деген бәйтеректі,<br>Барлық бала саяласын.<br><br>Жапырақтар туралы әңгімелесу. |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет 9.30-11.00** | **Дене шынықтыру**<br>"Кедергілерден өту ойындары".<br>Мақсаты: балаларды тізені жоғары көтеріп жүгіруге үйрету.<br>"Доп кімде?" қимылды ойыны. | **Музыка**<br>"Күн дидарлы Қазақстан".<br>Мақсаты: балалардың ән айтуға қызығушылықтарын арттыру; жай және көңілді әндерді ажырата білуге үйрету.<br>Дидактикалық ойын: "Күннің көзі және бұлт". | **Дене шынықтыру**<br>"Саршұнақтай жылдам болайық".<br>Мақсаты: балаларды қатарда бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен жүруге жаттықтыру.<br>"Саршұнақ" қимылды ойыны. | **Музыка**<br>"Жапырақтар сарғайды".<br>Мақсаты. Балалардың әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін дамыту; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын қалыптастыру; дыбысты есту және қабылдау қабілетін дамыту. Балаларды адамгершілік қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық талғамы мен оқу қызметіне қызығушылықтарын арттыру. | **Дене шынықтыру**<br>"Күздің қызықтары".<br>Мақсаты: балаларды жүруді секірумен кезектестіруге үйрету; басқа қап қойып, заттарды аттап өтуге үйрету.<br>"Басына қап қою" қимылды ойыны. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | «Атжарыс» ойыны. | |
| **Серуенге дайындық** 11.00-11,15 | Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету. | | | | |
| **Серуен 11.15-12.00** | Қылқанжапырақты ағаштарды бақылау (шырша, қарағай)<br>Жұмбақ.<br>Қысы-жазы бір түсте. (Шырша)<br>Бақылау: балабақша алаңында өсетін қылқанжапырақты ағаштарды танып білу (2 түрі қылқан жапырақты қарағай және шырша).<br>Сыртқы бейнелеріне қарап: қарағай – ұзын инелері бар, шыршаларға қарағанда ашық түсті; шырша – инелері қысқа және онша ашық түсті емес. Табиғатқа деген сүйіспеншілігін арттыру.<br>Қимылды ойын «Бос орын». Жүгіру, жүру, секіру сияқты жаттығуларды бекіту, түрлі қимыл-қозғалыстарын үйлесімді орындау.<br>Еңбек: құстарды тамақтандыру.<br>Табиғат бұрышының мекендеушілерін тамақтандыру.<br>Өз бетімен ойындар: өз бетінше ойнай білу қабілетіне тәрбиелеу. | Бұтақтарды бақылау (итмұрын, сирень, қара жемісті шетен, мойыл).<br>Жұмбақ.<br>Өсімдіктің тікенегіне байланысты аталған.<br>Жемісін жұлып алсаң, тікені қолыңа кіреді. (Итмұрын)<br>Онан көз ашиды, жапырақтары өткір, шұбар келген. (Шетен ағашы)<br>Бақылау: сыртқы белгілерге қарап бұталардың 2-3 түрін танып білу; оларды ағаштардан айыру.<br>Табиғаттың әдемілігіне сүйсінуге тәрбиелеу.<br>Қимылды ойын: «Белгіні тыңда».<br>Ойын ережелеріне бағынуын, жауапты орындай білуін дамыту.<br>Еңбек: ағаштардың түбін қопсыту.<br>Жолдастары мен ересектерге көмек көрсетуге тәрбиелеу.<br>Өз бетімен ойындар: «Қайық ойыны».<br>2-3 рөлді қосатын бірлескен ойындарға қатысу, бір-бірімен өзара әрекеттесуді дамыту. | Жеміс ағаштарын бақылау.<br>Тақпақ.<br>Жеміс біткен бау-бақша,<br>Жемін жайды жан-жаққа.<br>Бақта құстар сайрады,<br>Құйқылжытып сан-саққа.<br>Қолға ап бақша құралын,<br>Суды атызға бұрамын.<br>Ағаш түбін қопсытып.<br>Арам шөпті жұламын.<br>Бақылау: ағаштардың түстерінің өзгеруін, өсуін көру, жемісін бақылау (ранетки). Жасыл, піспеген жемісті жеуге болмайды, тек піскен жемісті жеу керек екенін түсіндіру.<br>Қимылды ойындар: «Қоян мен қасқыр».<br>Мәтіннің сөздігімен сәйкесінше әрекетті жасау білімділігін бекіту, ойынды дабылдың қағысымен бастау. Алаңның бойымен қозғалу.<br>Еңбек: «Құм салғыштан шашылған құмды жинастыру» Топ алаңындағы құмды өз ынтасымен жинастыруға үйрету; тазалыққа және ретке келтіру әдетін қалыптастыру. | Торғайды бақылау<br>Мақсаты: торғайдың пайда болу ерекшеліктері, өмір көріністері туралы білімді тереңдету; балалардың назары мен жадын белсендіру.<br>Бақылау барысы:<br>- Торғай қандай?<br>- Ол немен қоректенеді?<br>- Қалай ән айтады?<br>Торғай - кішкентай құс. Торғайдың артқы жағы қоңыр, қара жолақтары бар. Құйрығы мен қанаттары қара қоңыр, иек пен тамағы қара, бірақ басы сұр. Торғай - епті құс, қорықпай секіреді, үгінділер, тұқымдар, дәндер алады. Ол барлық жерде адамның әдеттеріне жақсы бейімделеді. Торғай "шик-шик" деп ән салады.<br>Еңбек: балабақша бақшасындағы арамшөптерді жұлуға үйретіп, арамшөптердің түріне қарай ажырата білу қабілетін бекіту.<br>Өз бетімен ойындар: ашық ойындары-қозғалыс бағытын өзгерте отырып, | Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау.<br>Ауа райын бақылау<br>Бақылау:<br>бірінші күзгі өзгерістер туралы және өлі табиғат туралы балаларға мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі – суық; бұлтты және жаңбырлы күндер – сұр аспан, бұлыңғыр, бұлттың көшуі, күннің көзінің сирек шығуы, жапырақтар сарғайып жерге түседі. Табиғатты сүюге баулу.<br>Қимылды ойын: «Қыз қуу» (қазақ халқының ұлттық ойыны).<br>Балаларды ойын ережелерін сақтауға үйрету. Аланда дұрыс қозғала білу. Бір-біріне кедергі жасамау.<br>Дабылға жылдам назар аудару.<br>Еңбек: гүлдерден гүлшоғын жасау.<br>Сұлулықты сезінуге баулу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Өз бетімен ойындар: тақырыпқа берілген ойынды жүргізу. Шығармашылық сезімдерін ояту. Ұстамдылығы мен ойынға деген қызығушылығын дамыту. Жемістер мен көкөністер туралы білімдерін бекіту. | сигнал бойынша жылдам қозғалуға үйрету. "Допты ұстаңыз" - допты лақтыру және ұстау дағдыларын екі қолмен бекітуді жалғастырыңыз. | Жеке істерін қошеметтеу. Өз бетімен ойындар: «Сүйікті ойыншықтармен ойнау». Қуанышты жағдайларға қол жеткізуге жағдай жасап, әр баланың өзінің қызықты ісімен айналысуына жағдай жасау. |
| **Серуеннен оралу**<br>12.00-12.10 | Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, колдарын жуу. | | | | |
| **Түскі ас**<br>12.10-12.50 | Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| **Күндізгі ұйқы**<br>12.50-15.00 | Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. | | | | |
| **Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары**<br>15.00-15.15 | Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру;<br>Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. | | | | |
| **Бесін ас**<br>15.30-16.00 | Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)<br>16.00-16.20 | **Вариативті компонент. Құрастыру**<br>"Көрнекті ғимарат".<br>Мақсаты: балаларды құрылыс материалдары: тақтайша, текше, кірпіш, цилиндр, призма, пирамида, арқаны пайдаланып екіқабатты ғимаратты құрастыруға үйрету; призма, текше, цилиндр, тақтайша, кірпіш қасиеттерін талдап, тәжірибеде қолдануға дағдыландыру; құрылыстың тұрақтылығын ескеріп | **Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу.**<br>"Менің өлкем".<br>Мақсаты: балаларды Қабдықәрім Ыдырысовтың «Менің өлкем» өлеңнің мазмұнымен таныстыру; өлең жолдарындағы көркем сөз атауларын шынайы айтуға жаттықтыру.<br>Дидактикалық ойын: "Қазақстан туын тап".<br><br>**"Жүгіріп қағып ал" қимылды ойыны.** | **Сурет салу**<br>Тақырыбы: Ыдыстар.<br>Мақсаты: балаларды акварель бояуларымен таныстыруды жалғастыру, акварель бояуын суға езіп, қылқалам арқылы қою консистенциясын жасау техникасын қалыптастыру; қылқаламмен шеңбер және жарты шеңбер пішіндерін бір-бірінің жанына салып, табақша мен шыны-аяқ бейнелерін бір сюжетке біріктіруге үйрету. | **Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу.**<br>"Қыран".<br>Мақсаты: балаларды қыранның сыртқы келбетімен таныстыру; қыранды тануға, білуге деген құштарлығын қалыптастыру.<br>Дидактикалық ойын: "Қыранды тап" .<br><br>**Театрды сахналау.**<br>"Қызыл телпек" ертегі желісін маскамен сахналау. | **«Балықшы».**<br>Мақсаты: алған білімдерін тиянақтау, ойлау қабілеттерін дамыту.<br>Көрнекіліктер: аквариум суреті, балықтар. Ойынның барысы: балалар суреттегі аквариумнан балықтарды аулап алады да, балық қандай түсті екендігіне айтады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | отыруға баулу.<br>Игровизор ойыны. "Артық затты тап".<br><br>**Сюжеттік-рөлді ойын: «Шаштараз».**<br>Мақсаты: балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, шаштарын үнемі тарап әдемілеп жүруге үйрету. Шаш өрудің әртүрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке баулу. | Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші үлкен әдемі доппен балаларға қарама-карсы тұрады (қашықтығы 1,5-2 м). Тәрбиеші «Бір лақтырамын, екі лақтырамын, үш лақтырамын, кім жүйрік қағып алсын!» - деп допты лақтырады да өзі қағып алып: «Қаға алмадыңдар қайта жүгіріңдер,» - дейді. Балалар өз орындарына қайта барып тұрады. Ойын жалғасады. Ойын кезінде балалардың қағып алуына мүмкіндік жасап, қойып жүреді. Қалған балалар соңына еріп жүреді. | Саусақ жаттығуы. "Ыдысты қалай жуамыз?".<br><br>**Дидактикалық ойын "Басқаша айт".**<br>Мақсаты: жалпылама ұғымдарды бекіту (мұғалім балаға допты лақтырып, жалпы ұғымды атайды, бала допты кері лақтырады және түр ұғымын атайды: ойыншық-қуыршақ, жиһаз-үстел) | | |
| **Балалармен жеке жұмыс**<br>16.20-17.00 | **«Әдемі кілемшелер».**<br>Ойынның мақсаты: бөліктерден кілемше жасауға үйрету; қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>Ойынның құрал-жабдықтары: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер.<br>Ойынның мазмұны: балалар геометриялық пішіндерді берілген кілемшелердің үстіне қойып, құрақ құрайды. | **Жаңылтпаш жаттайық.**<br>1) Доп деп,<br>Доп теп.<br>2) Қапыда ит қапты,<br>Қатты қапты,<br>Қапты қатты.<br>3) Қырқада қырық арқар бар.<br>Қырық арқарда ақ арқар бар.<br>Алты арқарда марқа арқар бар. | **Кел, жазайық.**<br>Мақсаты: тиянақтылыққа, көркем жазуға, қалам ұстауға үйрету. Үзік сызықтарды салу білігін бекіту.<br>Балаларға үлгілер таратылады. Суреттер мен жазулар үзік сызықтар арқылы беріледі. | **Артикуляциялық жаттығу.**<br>1) Ара болсаң, ызыңда<br>З-з-з, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж<br>Жұмыс істе, тығылма.<br>- Ара қалай дыбыстайды?<br>(з- з-з) - қатты\жай<br>2) «Зе-зе-зе, зе-зе-зе – бұл шынылы терезе»,<br>«За-за-за, за-за-за – үйдің іші тап-таза»,<br>«Зу-зу-зу, зу-зу-зу – күрекпен жерді қазу»,<br>«Са-са-са, са-са-са – ызыңдайды маса. | **Кел, санайық**<br>5-ге дейін кері қарай санауды бекіту.<br>Геометриялық денелерді дұрыс атап, ажырата білуге үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 17.00-17.10 | орындауларын қадағалау. | | | | |
| **Серуен**<br>17.10-17.30 | Серуенге деген қызығушылықтарын ояту. "Алтын күз" тақырыбында жеке әңгімелесулер. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті** (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер) | Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау.<br>Музыкалық аспаптармен ойындар.<br>Еркін ойындар.<br>Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар.<br>Кітаптарды санау, өлшеу, салыстыру.<br>Теартлық қойылымдар. | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** (ата-аналарға кеңес)<br>17.30-18.30 | «Жеке бас гигиенасының басты ережелері», «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыптарында әңгіме жүргізу. | «Отбасымен серуендеу» атты тақырыбында көрме ұйымдастыру. | Жоба: "Жомарт күз" атты тақырыпта көрме ұйымдастыру. | «Айына бір рет отбасы күнін өткізу». | "Баланың серуенін қалай ұйымдастырамыз" тақырыбында ата-аналарға кеңес. |